**Президенттік көпсайыс және халықтың дене тәрбиесі  
даярлығының Президенттік сынақтары бағдарламасында  
сынау түрлері бойынша өткізілетін жарыс ережесі**

**Астана  
2011**

Президенттік көпсайыс  
федерациясының Президенті  
Кореньков В. \_\_\_\_\_  
Бекітемін

Қазақстан Республикасы  
Туризм және спорт министрлігі  
Спорт комитетінің төрағасы  
Қанағатов Е. \_\_\_\_\_  
Келіскен



Қазақстан Республикасының  
Президенттік көпсайыс федерациясы  
(ПОЛИАТЛОН)



**Президенттік көпсайыс және халықтың дене тәрбиесі  
даярлығының Президенттік сынақтары бағдарламасында  
сынақ түрлері бойынша өткізілетін жарыс ережесі**

### **Жалпы ереже**

Спорт түрлері бойынша (жеңіл атлетика, шаңғы спорты, ату және жүзу) барлық жарыстар аталған спорт түрлерінің ережелеріне сәйкес жүргізіледі

### **1 Бөлім**

#### **Ресми тұлғалар**

Бас төреші  
Бас хатшы  
Жарыс директоры  
Спорт түрлері бойынша төреші  
Техникалық делегат  
Медициналық делегат  
Апелляциялық алқа

#### **Бас төреші**

Бас төреші ойынның дұрыс өткізілуіне жауап береді. Ол өз міндеттерін атқару үшін барлық төрешілердің орындарында болуын тексеруі керек, егер қажет болған жағдайда, запастағыларды тағайындап, және ережені сақтамаған кез келген төрешіні міндетін атқарудан алшақтатуға өкілеттігі бар. Ол жарыс комендантымен бірге алаң орталығында тек бұл жерге кіруге рұқсат берілген тұлғалардың болуын қадағалау қажет.

#### **Бас хатшы**

Көпсайыс түрлері бойынша хатшылармен бірге старттық хаттамаларды дайындап, хаттамаларды (старттық, ақпараттық, қорытынды) рәсімдеп,

өтініштерді қабылдауды жүзеге асырады. Көпсайыс түрлері бойынша барлық хатшылар, хатшылық хатшылары, компьютершілер және көбейту техникасының төрешілері бас хатшының жетекшілігімен жұмыс істейді.

### **Спорт түрлері бойынша ойынның төрешілері**

Жарыстардағы ойынның төрешілері спорт түрлері бойынша аталған спорт түрлерінің бас төрешісі болып табылады, өз спорт түрін өткізгенге жауап береді. Спорт түрі бойынша жарыс біткеннен кейін ойынның төрешілерімен хаттамаға қол қойылады және бас хатшыға беріледі.

### **Техникалық делегат**

Ұйымдастырушы комитетпен бірге Техникалық делегат, қажетті көмек көрсетеді, жарыстың барлық техникалық ұйымдастырушылығының толық сәйкестігін қамтамасыз етуге жауап береді. Техникалық делегат жарыстың барлық кезеңінде қатысып, содан кейін жарыстың өткізілуін Техникалық ережелерге, регламентке және Ұйымдастырушы комитеттің қабылдаған шешімдеріне толық сәйкестігін қадағалау қажет.

Егер мәселе туса, немесе қандай да бір сұрақ оның ойы бойынша араласуды қажет етсе, ол бұл туралы бас төрешіге және спорт түрі бойынша ойынның төрешілеріне хабарлауы қажет және қалай істеу керек екені туралы өз кеңесін ұсыну қажет.

### **Медициналық делегат**

Медициналық делегаттың медициналық тұрғыдағы барлық мәселеге қатысты толық өкілеттігі бар. Ол жарыс өткізілетін жерлерде медициналық қарау жүргізу үшін қажетті жағдайлардың сақталуына, емдеуге және жедел көмек көрсетуге, ал спортшылардың тұрып жатқан жерлерінде де медициналық көмек алуларына жауап береді.

### **Қайта қайтару қазылар алқасы**

Қазақстан Республикасында өткізілетін жарыстардың барлығында әдетте бес немесе төрт адамнан тұратын қайта қайтару қазылар алқасы тағайындалады. Қазылар алқасының негізгі функциясына жарыс кезінде пайда болған барлық қарсылықтар мен сұрақтарды қарау және шешім қабылдау үшін қазылар алқасының қарауына беру жатады.

### **Жарыс директоры**

Директор бас төреші мен бірге жарыстың техникалық ұйымдастырушылығын жоспарлауға, бұл жобаның орындалуын қамтамасыз етіп және техникалық делегатпен бірге барлық техникалық мәселелерді шешуге тиіс.

## **ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА**

### **1. Жалпы ережелер**

Жеңіл атлетикадан жарыстар 60 м және 100 м. қысқа қашықтыққа жүгіруден, 500, 1000, 2000 немесе 2400 м-ге төзімділікке жүгіруден, доп немесе гранат лақтырудан, орнында тұрып ұзындыққа секіруден өткізіледі.

## **2. Қысқа қашықтыққа (60 және 100 м-ге) жүгіру**

1) Қысқа қашықтыққа (60 және 100 м-ге) жүгіру кез келген тегіс жердегі түзулікте, ал «А», «В» және «С» санаттағы жарыстарда тек қана стадион жолдарында өтеді. әрбір қатысушы ені 1,25 метрлік жеке жолда жүгіруі қажет.

2) Жүгіріске қатысушылар саны 4 адамнан көп болмауы қажет.

3) Қатысушылардың жүгіретін жолдары жарыстың хатшылығы өткізген жеребе арқылы анықталады. Жеребенің сипатын бас төрешілер алқасы белгілейді. Жолдарды есептеу ішкі жиектен басталады.

4) Қатысушыларға жолдар арасында (сөредегі орындармен) өзара орын ауыстыруға рұқсат етілмейді.

5) Сөре сызығының ені (50 мм) қашықтықтың өлшеміне кіреді, ал мәре сызығының ені кірмейді.

6) Егер қатысушы жүгіру кезінде басқа жолға шығып кетсе және өзге қатысушыға кедергі жасаса, ол аталған қашықтыққа жүгіру жарысынан шығарылады.

7) Егер қатысушы басқа адамның көмегінсіз мәренің көрінген жазықтығына кеудесін «тигіссе» қашықтық аяқталды деп есептеледі.

8) «С», «D» және «Е» санаттағы жарыстарда қашықтықты бірінші болып аяқтаған қатысушының нәтижесін 3 секунд санағышпен анықтайды, қалған нәтижелер әрқайсысы үшін 1 секунд санағышпен анықталады. «А», «В» санаттағы жарыстарда қашықтық аяқтаған әрбір қатысушының нәтижесін 0,1 секундқа дейінгі дәлдікпен 3 секунд санағыш анықтайды, көрсеткіштерде алшақтық болған жағдайда, ортаңғы көрсеткіш қабылданады.

## **3. Қысқа қашықтыққа жүгіру сөресі**

1) Сөрелік қалыптарды (станоктарды) орнатуды қоса алғанда, сөреге дайындалу кезінде қатысушыларға оларды сөреге шақырған сәттен бастап, 2 минуттан артық уақыт берілмейді.

2) Фальстартты бақылау аппаратурасы қолданылмайтын жарыстарда қатысушыларға сөрелік қалыптарды (станоктарды) пайдалану немесе қалыптарсыз төменгі сөреден шығуға рұқсат етіледі.

3) Фальстартты бақылау аппаратураларын қолданатын жарыстарда сөрелік қалыптарды пайдаланумен (қатысушының екі өкшесі де сол станоктарға тиіп тұруы қажет), аяқтың табаны мен екі қолдың саусақтары жолдың үстінде болу қажет, бұл жағдайда төменгі сөреге рұқсат етіледі.

4) Сөреші «Сөреге» және «Назар аудар!» деген алдын ала пәрмен береді. Сөзбен айтылатын алдын ала пәрменнің орнына төрешінің ысқырық беруіне болады: біріншісі – «Сөреге» деген екі ысқырық, екіншісі – «Назар аудар!» деген ұзақ ысқырық. Жүгіруді бастауға сөреші оқ ату арқылы немесе «Марш» деп дауыстап, бұрын көтерген жалауды тез түсіру арқылы команда береді.

5) «Сөреге!» деген пәрмен бойынша қатысушы сөрелік сөрелік сызықты немесе одан кейінгі жолды қолмен немесе аяғымен басып кетпей сөреге сызығынан жүгіруге ыңғайлы жағдайда тұрады. Қатысушылардың әзір екендігіне көз жеткізгеннен кейін сөреші «Назар сал!» деген бұйрық береді, сол бойынша жүгіруді бастау үшін қатысушылар барынша қолайлы тұруы және әрлі-берлі жүріп-тұруды тоқтату қажет.

6) сөрелік қалыпты алғаннан кейін және барлық қатысушыларға сөреші жүгірудің басталуы туралы дабыл береді.

**Нұсқау:** Сөреші старт басталар алдында қатысушыларға жүгірудің басталуы туралы дабылдың қалай берілетіндігі түсіндіруі қажет.

7) Қатысушылар дайын болмаса немесе мүкәммалдары мүкіс болса, онда «Тоқта!» деген пәрмен беріледі. Содан кейін барлық жүгіріске қатысушылар сөрелік орындарынан 3 метр артқа кейін шегінеді. Сөрешінің «Сөреге!» деген қайталама бұйрығынан кейін қайтадан сөрелік қалыпта тұрады.

8) Егер қатысушы дайындықты кідіртсе оған ескертпе (фальстарт) жасалады, қайталаса ескерту беріледі. Ескерту немесе ескертпе алған қатысушы оған жасалған ескертпе мен ескертуді естігені және түсінгенін қолын жоғары көтеру арқылы білдіруі тиіс. Басқа ескертпелер мен ескертулер және сөрешінің рұқсаты сөрелік хаттамаға тіркелуі қажет.

9) Сөре (фальстарт) ережесін бұзған қатысушыға ескерту жасалады. Кез келген қайталама фальстартқа жол берген қатысушы сол жүгірістен шеттетіледі.

#### **4. Төзімділікке жүгіру.**

1) Төзімділікке жүгіру жарыстары стадионның жүгіру жолдарында немесе кез келген тегіс жерде («Д» және «Е» санатты жарыстарда) жалпы старттан басталады және сағат тіліне қарсы бағытта өткізіледі.

2) Жүгіріске қатысушылардың саны 10-20 адам (500-1000 м-ге жүгіруде 10 және 2000-3000 м-ге жүгіруде 20 қатысушыға дейін) болуы қажет.

3) Стартқа қатысушыларды орналастыру сөрелік хаттамаға сәйкес бір немесе екі қатар сөре сызығына дейін 3 метр жерде жиын сызығында өтеді.

4) Қатысушылар «Сөреге!» деген пәрмен бойынша оларға сөреші немесе оның көмекшісі сөрелік сызықтың алдында белгіленген орындарға барып тұрады. Қатысушылар сөреде бір-біріне кедергі жасамайтындай болып тұруы қажет. Сөреші жүгіру басталды деген дабылды сөрелік тапаншадан ату арқылы, немесе бұрын көтерілген сөрелік жалаушаны тез түсіру арқылы «Марш!» деген пәрменмен бастайды. «Назар аудар!» деген команда берілмейді.

5) Жалпы жолда өткізілетін жүгіруде әрбір қатысушы бір-біріне кедергі жасамауы қажет. Қарсыласын оның оң жағынан айналып өтуі қажет, сол жақтан айналып өту тек қана алдындағы жүгіруші жиектен өткеннен кейін, не оның алдында, не оған таяп жүгіруге болатындай жағдайда жүгіруіне болады.

6) Алдындағы жүгірушіні басып озған қатысушы оны итермеуі, кеудесімен соқпауы немесе оның алдын орамауы қажет.

7) Алдында жүгіріп келе жатқан қатысушы оны басып озушыны қандай да бір жолмен тоқтатпауы қажет. Осындай бұзушылықтарға жол берген қатысушы жарыстан шеттетіледі.

8) Көшбастауға тыйым салынады, яғни қатысушыға жүгіру кезінде алдынан, бүйірінен немесе соңынан ілесіп отыруға болмайды. Көшбастаушы спортшы аталған қашықтықтағы жарыстан шығарылады.

9) Жалпы жүгіру кезінде жиекті басуға, немесе басқа қатысушылар тарапынан болған кедергіден немесе біреуі құлаған жағдайдан басқасында оны басуға рұқсат етілмейді.

10) Қашықтықтың аяқталуы ереженің 2.7 тармағы бойынша анықталады.

11) Қол хронометражын пайдалану кезінде жүгіру жеңімпазының уақыты 3 секунд санағышпен оларды тоқтату арқылы, қалған мәрешілерді бір секунд санағышпен әр қатысушы үшін оларды тоқтату арқылы анықталады. «С», «Д», «Е» санаттағы жарыстарда жүгіруге 2 және одан кейінгі қатысушылардың уақыты «сырғымалы» бойынша 1 секундке дейінгі дәлдікпен ескеріледі.

#### **5. Доп немесе граната лақтыру.**

1) Доптың салмағы 155-160г, диаметрі 58-62 мм болуы қажет. Доп тұтас материалдан немесе сырты «резинадан» толықтырғышы бар және шар тәрізді заттан жасалады.

2) Гранаттың салмағы:

- 14-15 жас қыздар үшін және 55 жастан асқан әйелдер үшін 275-310 г., рекорд үшін кемінде 300 г;
- 14-15 жастағы жасөспірімдер мен 60 тан асқан ер кісілер үшін 505-550 г, рекорд үшін кемінде 500г;
- 16-17 жасар қыздар мен әйелдер үшін 505-550 г., рекорд үшін кемінде 500 г;
- 16-17 жасар жасөспірімдер мен ерлер үшін 705-750 г., рекорд үшін кемінде 700 г.

3) Гранаттың өлшемі (мм) оның салмағына қарамастан мынадай болуы керек:

- |  |     |
|--|-----|
| • Снарядтың ұзындығы                     | 236 |
| • Тұтқасының диаметрі                    | 30  |
| • Тұтқасының ұзындығы                    | 105 |
| • Гранаттың салмағының ең үлкен диаметрі | 50  |

• Тұтқамен арадағы ұзындық (гранаттың осі бойынша) –71. Әрбір өлшемде +,- 2 мм.ге дейін ауытқушылыққа рұқсат етіледі. Снарядтың тұтқасы ұстағанда қолға жұмсақ және ораған кезде кедір бұдыры болмауы қажет.

• 4) гранаттар тұтас металдан немесе ағаштан жасалмауы мүмкін, болмаса металл қабы бар басқа материалдар жасалады.

- 5) лақтыру тегіс алаңда түзу тақтайшамен белгіленген «дәліз» бойынша жасалады

- 6) «А», «В» санаттағы жарыстарда тұтқасы ағаштан жасалған гранат пайдаланады.

- 7) ені 70 мм-к, және ұзындығы 4 м тақтайша ағаштан, металдан жасалады немесе бояумен сызылады. Тақтайшы жүгіруге арналған жолдың бетіне орнатады және ақ бояумен сырлайды. Тақтайшаның екі шетіне жалаушалар қойылады.

- 8) тақтайшаның шетінен оны топыраққа жалғастырып ұзындығы 5,5 м, ені 70 мм «ілемектер» жасалады.

- 9) лақтыруға арналған снарядтарды тастау ені 15 м-к дәлізге түскенде есептелінеді. Дәліздің лақтыру бағытында және сондай ақ карама-қарсы бағытта 1:1000-нан қиыс кетпеуі қажет.

- 10) Дәліздің бүйір шекарасын ені 50м-к ақ сызықпен белгілейді. Сызықтың ені дәліздің өлшеміне кірмейді.

- 11) Дәліздің шетіне түсетін орынды ақ сызықтармен белгілейді, ол тақтайшаның шетімен жүгіру арасын көрсетеді. Сызықтар бойынша әрбір 5 мм сайын параллель жүргізіледі, 20м – ден бастайды (қатычушылардың жынысына және біліктілігіне қарай). Белгілеу сызықтарының ені (шамамен 50 мм) олар көрсеткен аралықтың өлшеміне кіреді. Дәліздің бүйір шетімен қосылатын сызықтардың нүктесіне жақсы көрінетін сандар қойылады, олар тақтайшамен екеуінің арасын көрсетеді.

- 12) Ұмтылуға арналған жолдың үсті қатты материалмен немесе резинамен жабылуы қажет. Жолдың төсенімі түсетін орынмен бір деңгейде болуы қажет. Шөппен көмкерілген жерлерден екпін алуға рұқсат етіледі.

13) екпін алатын жолдың ұзындығы кемінде 25 м., бірақ 36,5 м, ден артық болмауы, ені 4 м ден бүкіл жүгіру жолында немесе жүгірудің соңғы метрлерінде болуы қажет. Ол екі жағынан ені 33,5 м.жолдың еніне кірмейтін ақ сызықтармен шектелуі қажет.

14) жолдың енін 1,25 м, дейін кемітуге болады, бірақ тақтайшаның алдындағы соңғы 6-8 метрде оның ені 4 метрге дейін кеңейтілуі қажет. Жол екпін алудың бағыты және сондай ақ карама қарсы бағыттағыдай қиыс болмауы қажет.

15) Екпін алуға арналған жолдың екі жағында да және бүйір шетінде дәлізден тысқары түсу үшін ені кемінді 1 метрдей басқа заттардан бос жолақ болуы қажет. Ол екпін алуға арналған жолдың бетімен және снарядтар түсетін дәлізбен бірдей деңгейде болуы қажет. Снарядтар түсетін жер топырақтан немесе шөптен болуы қажет.

16) Қатысушылардың спорттық снарядты жақсы ұстауы үшін алақандарына желімделген зат ұстауға рұқсат етіледі, бірақ онымен снарядтың өзін өңдеуге рұқсат етілмейді.



17) қатысушыларға екі немесе бірнеше саусағын екі қабат етіп дәкемен орауға, немесе алақанын орауға рұқсат етілмейді. Мұндайға тек жарыс дәрігері рұқсат береді.

### **6. Лақтырудан жарыс ережесі.**

1) спорттық снарядтарды лақтыру бір орында тұрып немесе ұмтылу арқылы (арқасымен «дәлізді»айналмауы қажет) иығынан немесе лақтыратын қолдың иық астынан лақтыру тәсілі арқылы жасалады. Төменнен немесе бүйірден тастауға тыйым салынады.

2) қатысушы өзінің ұмтылған сәтін белгілеуге құқылы және қатарынан үш рет есептік тастаулар жасайды.

3) Қатысушының әрбір ұмтылысын орындауға бір мезгілде ақ жалаушаны бұлғап «Рұқсат!» деген пәрменді аға төреші береді.

4) «Болады!» деген пәрменнен кейін қатысушы 1 минуттан артық уақыт жұмсамауы керек. Уақытты бақылауды («Болады!» деген пәрменнен кейін тастауды бастаған сәтті) төреші хатшы жүзеге асырады.

5) Аға төреші «Бар!» деген пәрмен бергеннен кейін тастау есепке алынады, ол егер спорттық снаряд дәліздің шекарасына түссе (алаңдағы төреші ақ жалаушамен оған дабыл берсе) және қатысушы лақтыру ережесін бұзбаған жағдайда осындай команда береді. «Бар!» деген командасын төреші ақ жалаушаны жоғары көтеру арқылы білдіреді, бұл нәтижені қадақшамен белгілеуге берілген дабыл, ол тақтайшаға жақын жерде орналасады.

б) Ұмтылыс сәтсіз деп есептелінеді, егер қатысушы:

- Аға төрешінің рұқсатынсыз лақтырса;
- Қандайда бір дене мүшесімен «дәлізде» тақтайшадан асып қол тигізсе
- Тақтайшаны басып кетсе немесе одан асып кетсе;
- Екпін алуға арналған жолға түсіп кетсе, снарядты түсіріп алса;
- Снаряд алаңға түсіп болғанша, екпін алуға арналған жолдан кетіп қалса, екпін алуға арналған жолды қалыпсыз жағдайда тастап кетсе;
- Егер снаряд дәлізден тыс түссе немесе бүйір сызыққа түссе;
- если снаряд упадет вне «коридора» или на боковую линию;
- егер қатысушы «Бар!» деген пәрменге дейін тастағаннан кейін, тақтайшадан шығып кетсе;
- снарядты тастағаннан кейін «Бар!» деген пәрменнен соң қатысушы тақтайшадан шығып кетсе.

Төреші снаряд түскеннен кейін және қатысушы тастағаннан кейін орнықты тұрса, лақтыру орнын ережені бұзбай шығып кетсе ғана «Бар!» деген пәрмен береді.

7) Лақтыру ережесі бұзылса аға төреші «Жоқ!» деген пәрмен береді және бір мезгілде қызыл жалаушаны бұлғайды.

8) Нәтижелерді өлшеу қадақшадан бастап тақтайшаға перпендикуляр сызық бойынша немесе оның жалғасы «мүйістен» тақтайшаның ішкі шетіне дейін рулеткамен есептелінеді. Нәтижелерді өлшеген кезде азайту үшін 1 см дейін толық көрсетеді, яғни 1см ден кем бөліктер ескерілмейді.

9) Қатысушылар төрешілер алқасы ұсынған мүкәммалдарды пайдалануға міндетті. Жеке мүкәммалы өтініштер қабылдаған күні төрешілер алқасына тапсырылады, салмағын және ұзындығын өлшегеннен кейін Ережеге сай болса, ол қатысушылардың пайдалануына беріледі.

10) Рекорд орнатса немесе жоғары жетістіктерге жетсе төрешілер реферидің (жеңіл атлетикадан бас төрешенің орынбасары) қатысуымен нәтижені, сондай ақ спорттық снарядтың салмағын және басқа да қырларын қайтадан өлшейді.

### **7. Бір орында тұрып ұзындыққа секіру.**

1) Хатшы төрешінің шақыруы бойынша қатысушы итерілу орнына барып бастапқы қалыпта (БК) тұруы қажет: өлшеу сызығына табаны тиюі қажет және қозғалмауы тиіс.

2) Аға төрешінің «Болады!» деген пәрменінен кейін қатысушы екі аяғымен серпіліс жасайды және алдындағы құм толтырылған шұңқырға секіреді.

**Нұсқау:** «Д», «Е» санаттағы Президенттік жарыстарда гимнастикалық матқа түсіп секіруге рұқсат етіледі, ал қатысушыларда ұлтаны қалың аяқ киім болса (10 мм ден жоғары) кез келген сырғымайтын жерде секіруге рұқсат етіледі.

3) Түсетін орын итерілген орынмен бір деңгейде болуы қажет және 13 жасар балалар мен ардагерлер үшін одан 50 см, басқа жастағы топтар үшін 1 м –ден алыс болмауы керек.

4) Нәтижелерді өлшеу(1 см дейін дәлдікпен) өлшем сызығынан түзу, өлшеу сызығына перпендикуляр, артында қалдырған ізінен бастап, аяғымен түскен жерге дейін немесе қатысушының денесінің басқа жерімен түскен жерге дейін. Өлшеу сызықтарының ені өлшенетін аралыққа кіреді.

5) Басып кетулерді бақылау үшін (1 деңгейдегі жарыстарда қажет) өлшеу сызығының алдындағы басып кетулерді анықтау үшін пластилиннен, лайдан немесе ені 10 см бордан, орта бөлікте биіктігі 7 мм, қатысушының жанынан қиыстау бұрышта және түсетін жерде 30 градус анықтауыштар қою қажет.

6) Қатысушыға 3 ұмтылыс беріледі. Есепке ең жақсы көрсеткіш алынады.

7) қатысушының құқықтары:

- секіруге дайындық және оны орындау кезінде қолымен сермеу жасауға;
- секіруге дайындалуға және оны орындауға берілген уақытты (1 мин), толық пайдалануға.

8) Қатысушыға:

- өлшеу сызығына басып кетуге немесе қолын тигізуге.
- итерілуді алдын ала секіріс жасап орындауға.
- аяқтарымен әрқалай секіруге.
- секіру кезінде қандайда бір салмақ ауырлатуларды қолдануға.
- түскен орынан секірген жағына қарай кейін кетуге тыйым салынады.

**ЖҮЗУ**

## **8. Жалпы ережелер.**

1) Жүзуден жарыстар жабық немесе ашық бассейндерде ұзындығы 25 немесе 50 метрлік, тереңдігі 1,2 м бассейндерде өткізіледі. Үшінші деңгейдегі жарыстар стандартсыз немесе ашық су қоймаларында өткізіледі. Ағыс болған жағдайда қашықтықтың жартысы ағысқа қарсы жүзіп алынуы қажет.

2) Жарыс қашықтықтары 25, 50 и 100 м кез келген стильде оны өзгертпей жүзуге болады.

3) Төрешілер алқасы қатысушылардың жарыс барысындағы қауіпсіздігіне жауап береді және суда құтқардың барлық амалдарын қарастырады.

## **9. Сөре**

1) Сөрелік тұғырдан секіру немесе судың ішінде старт болғанда бассейннің қабырғасынан аяғымен итеру (жол нөмірін есептеу оңнан солға қарай) арқылы жүзеге асырылады.

2) Сөрешінің бірнеше қысқа ысқырығынан кейін жүзуге қатысушылар жаттығу киімдерін шешеді. Ұзақ ысқырықтан кейін спортшылар сөрелік орындарында (екі аяғы тумбочканың алдыңғы шетінен бірдей аралықта тұруы қажет) немесе бассейн қабырғасында суда тұруы қажет.

3) Сөреші тапаншасын немесе жалаушаны жоғары көтеріп «Сөреге!» деген алдын ала пәрмен береді, ол бойынша қатысушылар ең болмағанда бір аяғымен тумбочканың алдыңғы жағына тұруы қажет (ал судан сөрелік алатындар қабырғаға аяқтарын қою керек) және қозғалмай тұруы қажет.

**Нұсқау:** «Жоқ!» деген пәрменнен кейін қатысушы қолымен тумбочканың алдыңғы немесе бүйірінен ұстауына болады.

4) Барлық қатысушылар сөреге дайын екендігін білгеннен кейін сөреші орындау үшін дабыл болып табылатын оқ атады. Оқ атудан басқа мыналар да пәрмен болып табылады:

- Бір уақытта жалаушаны төмен сермеп «Марш!» деп пәрмен беру.
- Дабыл немесе ысқырық (бұл жағдайда «Марш!» деген пәрмен берілмейді.

5) «Сөре!» дұрыс деп есептеледі, егер сөреге дейінгі дабылда барлық қатысушылар қозғалыссыз қалыпта тұрса.

6) егер бір немесе бірнеше қатысушы сөрені бұрын алса, онда жүзу тоқтатылмайды, ал ерте бастаған қатысушылар мәреден шеттетіледі.

## **10. Қашықтықты жүзіп өту және мәре.**

1) Қатысушы қашықтықтың барлығын су бетінде жүзіп өтуі қажет. Сөрелік секіру және бұрылу кезінде суға сүңгуге болады. Су астында жүзу сөрелік бортиктен және бұрылыстағы кез келген қалқаннан 15 м де рұқсат етіледі. Мұндай белгілерге дейін жүзгіштің басы су бетінде көрінуі қажет.

2) Қашықтық кезінде басқа жолға шығып кеткен немесе басқа жүзгішке кедергі жасаған қатысушы төрешілер алқасының шешімімен жарыстан шығарылады. Егер мұндай бұзушылық басқа қатысушының нәтижесіне әсер етсе, онда рефери немесе бас төрешінің орынбасары оған қалған жүзулер кезінде екінші мәрте ұмтылысқа рұқсат етеді.

3) қашықтықты жүзіп өтуде қатысушыға жол бөлгіштерге тартылуға, сатыдан ұстауға, жол бөлгіштерде асылып тұруға, сондай олардан қайта серпілуге рұқсат етілмейді. Оларды байқаусызда ұстап қалса, бұл ережені бұзу деп есептелмейді.

4) Бассейннің түбіне тұрған қатысушы қашықтықтан алынбайды, егер ол түбінде жүрмесе.

5) Жүзу қашықтығын ақтаған қатысушылар басқаларға кедергі жасамауы үшін бассейннен шығуы тиіс. Бүйірдегі сатыдан шығуға рұқсат етіледі.

6) Осы жүзуге қатысушы болып табылмайтын спортшыларға суға түсуге рұқсат етілмейді.

7) Қашықтықты жүзіп өту кезінде қатысушыларға көш бастауға (нұсқау беру, спортшыларға бассейннің бортынан ілесіп жүру) рұқсат етілмейді.

8) Жарысқа қатысушыларға жүзуді жақсартатын, қозғалысты тездететін қандай да бір құрылғыларды пайдалануға болмайды.

9) Қашықтықты жүзіп өткенде, сондай ақ бұрылыстарда бассейннің түбінен серпілуге рұқсат етілмейді.

10) Бұрылыста және мәреде қатысушылар бассейннің қабырғасына немесе бұрылыс қалқанына денесінің кез келген мүшесін тигізуі керек.

11) Сөре, мәре, бұрылыс немесе қашықтықты өту ережелерін бұзған кезде қатысушының көрсеткен нәтижесі есепке алынбайды.

### **11. Нәтижелерді анықтау.**

1) Нәтижелер қашықтықты жүзіп өту уақыты бойынша анықталады. Уақыт сөрелік дабылдан (оқ ату тапаншаның түтіні бойынша, «Марш!» пәрменінде жалаушаның қозғалысы басталған сәттен немесе дыбыс дабылына байланысты) бастап, қатысушы мәрелік қабырғаны ұстаған сәтке дейін есепке алынады.

2) Бірінші қатысушының уақыты 0,1 секундқа дейінгі дәлдікпен үш секундсанағыш арқылы анықталады.

3) Егер секундсанағыштардың көрсетімі мәредегі төрешілер есептеген қатысушылардың келу тәртібімен алшақтық байқалса, онда мәредегі төрешілердің шешіміне сәйкес орындар белгіленеді.

4) Егер қашықтықты екінші болып аяқтаған қатысушының уақыты біріншісінен жақсырақ болса, олар төмен жағына қарай онға дейінгі секунд үлесін тұтас қосып, орта арифметикалық уақытты алады.

5) Уақытты тіркеген және қатысушылардың мәреге келу тәртібін есептеген кезде нәтижелерді өздігінен тіркейтін автоматты жүйенің толық көмегімен артықшылық мәредегі төрешілердің емес, осы жүйенің көрсетіміне беріледі.

6) Автоматты жүйенің көмегімен тіркелген уақытты анықтаған кезде 0,001 дейінгі дәлдікпен үтірден кейінгі үшінші белгі есепке алынбайды. Хаттамаға 0,01, дәлдікпен есептелген нәтижелер түсіріледі, мыңдық секунд үлесі алынбайды.

## Нысана көздеу

### 12. Жалпы ережелер.

Жарыс тирде, сондай ақ көрсетілімдік және спорттық залдарда, сыныптарда, атудың қолданыстағы жарыс ережелеріне сай жабдықталған және дайындалған ашық алаңдарда өткізіледі.

### 13. Жарыс өтетін орындар.

1) Жарысты өткізуге арналған тирде (зал, алаң), барлық қатысушылар үшін тең жағдайлар жасалуы және төрешілерге қатысушылардың ереже сақтауы үшін бақылау жасауға жағдайлар жасалуы қажет.

2) Тирдің:

- Атуға арналған от алаңы (от позициясы);
- Нысаналар алаңы;
- Атқыштарды жаттығу орындауға дайындауға (қоршалған аймақ) арналған үй-жай;
- Қаруларды және оқ дәрілерді, сондай-ақ материалдық құндылықтарды мен нысаналарды сақтауға арналған үй-жай;
- 3) От алаңы екі аймаққа бөлінуі қажет:
- От шебі (дербес от алаңы) атқыштарға арналған ені 1,0м, тереңдігі 1,5 м және от алаңындағы төрешілер отыратын орны бар от алаңы;
- От алаңынан жаттықтырушылар, басшылар және көрермендер шығатын жері бар;

4) Барлық от алаңы бір түзу сызық бойында жатуы тиіс. Алдыңғы от алаңының шекарасы еденнен (бұл сызықтың ені атыс қашықтығына кірмейді) түрлі-түсті сызықпен белгіленеді.

5) Әрбір от алаңында мынадай құралдар болуы қажет :

- Көру трубкасын бекіту үшін тұғыры және кронштейні бар бағана;
- Бір орындық немесе табурет;
- Бақылаушы төрешіге арналған үстел мен орындық.

6) Нысана алаңында қалқандар немесе нөмірі бар, от алаңынан жақсы көрінетін нысаналық құрылғылар болуы қажет. Нысана алаңының жарықтығы 800-1000 люкс. Нысаналар бірдей биіктікте орнатылуы қажет. Жаттығуларда (I-ВП),(II-ВП),(III а-ВП), (III-ВП) белдіктерін пайдалануға тыйым салынады.

7) Ашық тирлерде (ату орындарында) от аймағы мен нысанадағы мақта матадан жасалған желдік жалаушалар бағытты және желдің күшін көрсету үшін ұйылуы қажет. Жалаушылар бір-бірінен 5 м аралықта қойылады. Жалаушының өлшемі 5x40 см, атқышқа өзінің жеке жалаушысын қоюға рұқсат етілмейді.

### 14. Атуға арналған жаттығулар

Жа тт ығ у	Қа ш	Ны сан	Дайындық	Нысаналар саны	Оқ ару саны	Да йы нд	Ат уға Бе ріл ген
---------------------	---------	-----------	----------	-------------------	-------------	----------------	-------------------------------

				сынама	есептік	сынама	есептік		
I–ВП	5	8	Шаңғымен бағана немесе тіреуге сүйеніп, отырып немесе тұрып	1	1	3	5	3	10
II–ВП	10	8	Шынтағымен бағанаға сүйеніп, бірақ тіреусіз отырып немесе жатып	1	1-2	Шекс із	5	5	10
IIIа-ВП	10	8	Шынтағымен бағанаға сүйеніп, бірақ тіреусіз отырып немесе жатып	1	2-10	Шекс із	10	5	20
III-ВП	10	8	Тіреусіз тұрып	1	2-10	Шекс із	10	5	20

### **Ескерту:**

- Нысаналардың барлығы 1988 жылғы үлгіде;
- Блиндажды пайдаланбай IIIа-ВП, III-ВП жаттығуларында нысананы өздігінен ауыстырмаған кезде қатысушыларға әрбір есепті ару үшін 1,5 минут беріледі;
- «С», «Д» және «Е» санаттағы жарыстарда блиндажды пайдаланбай нысаналарды өздігінен ауыстырмаған кезде сынамалық және барлық есептік нысаналарды бір уақытта қоюға рұқсат етіледі. Қатысушылар БТА белгілеген есептік нысаналардың жеңіліс тәртібін сақтауы қажет.

### **15. Әзірлік.**

2) Пневматикалық мылтықтан ату:

- (I-ВП) жаттығу – отырған немесе тұрған қалпында шынтағымен бағананы тіреп орындалады;
- (II-ВП) жаттығу – отырған немесе тұрған қалпында шынтағымен бағананы тіремей орындалады;
- (IIIа-ВП) жаттығу – отырған немесе тұрған қалпында шынтағымен бағананы тіремей орындалады;
- (III-ВП) жаттығу – тұрған қалпында қару белдігін пайдаланбай және тіреусіз қолмен орындалады. Мылтықты екі қолымен, оң иығымен, кеуденің және беттің оң жағымен ұстайды. Сол қолын денесіне қысып ұстауына болады.

### **16. Қару-жаракқа арналған жалпы талаптар.**

1) Жарыстарда осы ереже талаптарына сәйкес қару жөніндегі төрешілер жаттығуға рұқсат етілген тек қана дұрыс қаруды пайдалану қажет.

2) Осы Ережеде келтірілмеген немесе оның мағынасына қарама-қайшы келетін қаруға арналған барлық керек-жарак пен киімдер және жаракқа қажетті заттарды пайдалануға тыйым салынады.

3) Әрбір қарудың жіберу ілгегінде сақтайтын темір істік болуы қажет. Шүріппені басу қару тіке тұрған кезде жүргізіледі. Басу механизмі былай реттелуі керек: қарумен қандай да бір іс-әрекетке барған кезде оқ өзі атылып кетпеуі қажет.

4) Қару, жарақ және киімі тексеруден өткен соң және қару жөніндегі төрешілер рұқсат берген соң оларға осы Ережеге қайшы келетін қандай да бір өзгерістер енгізуге рұқсат жоқ..

5) Жаттығуды орындаған кезде бір ғана және барлық тексеруден өткен және рұқсат етілген қару-жарақ және киім пайдаланылуы қажет.

6) Егер тексеруден кейін және қаруға рұқсат берілгеннен кейін де атқыштың қаруы жөнді болмаса, онда оны жөндеуіне немесе қару жөніндегі төрешілер рұқсат еткен және тексерілген басқасымен ауыстыруға болады.

- Компенсаторлар мен дульды тежегіштер пайдалануға тыйым салынады;
- Оптикалық қарауылға рұқсат жоқ;
- Мылтыққа немесе қарауылға түзеткіш линзалар бекітуге немесе қоюға (мергеннің түзеткіш көзілдірік киюіне болады) болмайды;
- Жарық фильтрлері қарауылға бекітілуі қажет;
- Линзасы немесе линзалық жүйесі жоқ кез келген үлгідегі қарауылдық құрылғыларға рұқсат етіледі;
- Көзге арналған мылтыққа немесе қарауылға (немесе басқа) бекітілген көлеңкелегіштерге рұқсат етіледі.

### **17. Мылтықтардың және тапаншаның сипаттамасы**

1) Пневматикалық мылтық және тапанша:

- Пневматикалық мылтық және тапанша қысылған ауамен немесе  $CO_2$  әрекет етеді;
- 4,5 мм (177) оқпан;
- Қарауылдың құрылғыларын қоса алғанда, салмағы 5500 г-нан артық болмауы тиіс;
- Сыртқы жүкке (ұңғыны орап тұратын цилиндрлік жүктен басқа) тыйым салынады;
- Өзі атылатындардан басқа шүріппені басуды ұстап тұру;
- Осы Ережеде шектелген барлық мылтықтың өлшемдері 15-қосымшада берілді.

2) Тыйым салынады:

- Шнеллерлі басуға;
- Сол қолдың саусақтарының орналасуын қосымша есептеу үшін мылтықтың құндағында тереңдетулер болуы керек;
- Мылтықтың құндағында оң қолдың бас бармағы үшін тесік және оның жағдайын есептеу үшін тереңдетулер болуы керек;
- Тапаншаның тұтқасы 2 мм-ден артық және оң қол буынының сырғымауы үшін бүдірлер қажет. Деңгейдің спирттік көрсеткіші.

### **18. Нысаналар**

1) Нысаналар баспаханалық әдіспен ақ немесе бозғылт тығыз немесе глянецтелген материалдан жасауы керек. Барлық нысаналардың өлшемі 18-қосымшада берілген.

2) сынамалық және есептік нысаналар бір таралымнан болуы қажет, олардың жоғарғы бөлігінде шифр, ауысымның нөмірі және нысананың реттік саны көрсетілуі керек. Сынамалық нысаналардың оң жақ жоғарғы

бұрышында нысананың диагональдарына параллель жүргізілген қара жолақ, жолақ от алаңынан бірден көзге түсетіндей болуы керек.

### **19. қауіпсіздік шаралары**

1) Жарысқа қатысушылардың барлығы қаруды және оқ-дәріні қолданғанда қауіпсіздік шараларын білуі және қатаң сақтау қажет;

2) Ату орнында мылтықты қабынан алуға, қаруды дайындауға бөлінген арнайы орында және от алаңда өзіне бөлінген от жағдайында рұқсат етіледі. Басқа уақытта мылтық қаптамада, қабында немесе жәшігінде жатуы тиіс.

3) Пневматикалық қаруға арналған оқ-дәрісіз жаттығу сол үшін арнайы бөлінген жерде немесе өзіне бөлінген от алаңда өтеді.

4) Спортшы өзі атылмайтын тек қана дұрыс мылтықты пайдалануы қажет.

5) Тек қана от алаңында қаруға оқ салынады (спортшыға арнайы бөлінген жерде) және «Оқта!» деген пәрменнен кейін жүргізіледі.

6) Жаттығуды орындау кезінде спортшы қаруды тек қана оқ-дәрілер алынғаннан кейін қоюына (қолынан түсіруіне) болады. Бұл ретте мылтықтың бекітпесі ашық қалуы қажет.

7) Атыс аймағында адамдар болған кезде қаруға қол тигізуге, сондай-ақ басқа атқыштың қаруын алуға, ұстап көруге болмайды, мұны тек қана от алаңындағы төреші атқыштың рұқсатымен жасайды.

8) Төреші егер от алаңында адамдар пайда болса немесе қауіпті жағдай қалыптасса, кез келген сәтте «Тоқта!, Оқты ал!» деген команда беріп, атысты тоқтатуға міндетті.

9) Жаттығудағы соңғы атуды жасағаннан кейін (немесе «Тоқта!, Оқты ал!» деген команда берілген соң, спортшы қаруын оқтан босатады, бекітпені ашады, және өзінің от алаңдағы орнын тастап кетпей от алаңындағы төрешіге тексеру үшін қаруын тапсырады, ол оқтың жоқ екендігіне көз жеткізуі керек.

10) Жаттығу атыстарын орындаған немесе жарыс кезінде оқталмаған қаруды нысанаға қарай бағыттауға, қалқандардың жақтауларын қасақана атуға, қалқан нөмірлерін атуға, жел жалаушаларын атуға қатаң тыйым салынады.

11) Қаруды және оқ-дәріні қараусыз қалдыруға болмайды.

### **20. Атысқа қатысушының құқықтары мен міндеттері**

#### **1) Қатысушының міндеттері:**

- Қауіпсіздік шараларын білу және қатаң сақтау;
- Жаттығуды орындау кезінде қарумен, қарауыл құрылғылармен, жарақтармен байланысты барлық іс-әрекеттерін өзі жасауға;
- Басқа атқыштардың жаттығуларын орындауға кедергі келтіретін қарекеттерге жол бермеуге;
- Қаруды тек қана өзіне бөлінген орындарда дайындауға және тазалауға.

#### **2) Қатысушының құқықтары:**

- Сынама атыс кестесіне сәйкес қаруды сынауға;
- Оларды бекіту үшін көру аспаптарын және құрылғыларды пайдалануға;
- Жаттығуды орындау мәселелері бойынша төрешілерге жүгінуге;



- 2 және 3 деңгейлі жарыстарда қарысушының көру аспабы болмаған жағдайда түзетушінің қызметін пайдалануға;
  - Түзетуші ойықтың дәрежесін және қажетті түзетпелерді атауға құқылы.
- 3) Қатысушыға:
- Жаттығуды орындау кезінде оның іс-қимылын бақылауды қиындататын ғимараттар салуға;
  - өзінің төсеніштері мен маттарын пайдалануға;
  - 1 деңгейдегі жарыстарда 16 жасқа дейін және одан жоғары түзетушінің қызметін пайдалануға тыйым салынады.

## **21. Жаттығуды орындау ережесі**

1) Кезекті ауысымды от алаңына шығарғаннан кейін, қатысушыларды от алаңындағы орындарына дұрыс орналастырғанын тексергеннен кейін және қатысушының кім екендігін нақтылағаннан кейін от алаңындағы аға төреші «Дайындал!» деген пәрмен береді және сол мезетте хронометрді қосады.

2) Ауысымды жаттығу орындауға дайындау үшін сол жаттығуды орындауға сәйкес тиісінше 3 немесе 5 минут уақыт беріледі (3-кесте).

3) «Дайындал!» деген пәрменнен кейін сынама нысаналар қойылуы керек.

4) Жаттығуға дайындалу кезінде көретін трубаны қоюға, оқсыз көздеуге, және жалған атулар жасауға болады. Пневматикалық мылтықтан ату кезінде компрессорлық желкеуікті оқтамай-ақ жалған атуларға (хлопоктар) рұқсат етіледі.

5) Жаттығуды орындау алдында от алаңындағы аға төреші жаттығуды орындау шарттарын қайталайды.

6) Ауысымның дайындығына бөлінген уақыт аяқталғаннан кейін (немесе бұрын егер ауысымның барлық қатысушылары дайындалып үлгірсе және оны растаса) от алаңындағы аға төреші «Оқта!» деген пәрмен береді және 2-3 сек. кейін «Сөре!» деп хронометрді қосады және ағымдағы уақыт бойынша ауысымның басталған нақты уақытын хабарлайды.

7) «Оқта!» деген пәрменнен кейін қатысушылар қаруларын оқтауға құқылы. «Сөре!» деген пәрменнен кейін қатысушылар атысты бастайды.

8) Жаттығуды орындауға арналған бақылау уақытының аяқталуына 5 және 1 минут қалғанда от алаңындағы аға төреші «5 минут қалды!», «1 минут қалды!» деп хабарлайды.

9) Жаттығуды орындауға берілген бақылау уақыты аяқталғаннан кейін немесе ауысымдағы соңғы қатысушы соңғы рет оқ атқаннан кейін (егер атыс бақылау уақыты аяқталғанға дейін бітсе) от алаңындағы аға төреші «Тоқтат! Оқты ал!» деген пәрмен береді және сол мезетте хронометрді қосады.

10) «Тоқтат! Оқты ал!» деген бұйрық от алаңына адамдар, жануарлар пайда болса немесе нысананы түзету (ауыстыру) болмаса нысаналық қондырғының жұмысын реттеу қажет болғанда шұғыл түрде беріледі.

11) Атысты амалсыздан тоқтату кезінде үзіліс уақыты есепке алынады және егер ол 1,5 минуттан асып кетсе, онда сол ауысымға қатысушылар қажет болған үзіліске тең қосымша уақыт алуға құқылы.

12) Егер үзіліссіз ату кезіндегі мәжбүрлі уақыты 3 минуттан асса, онда ауысымға қатысушылар қосымша сынама атысқа және есепке алу үшін қосымша уақытқа ие болады, бұл ретте үзіліске тең уақыт беріледі. Оларға сынама нысана қойылады және сынамалық атыс жасау үшін 5 минут беріледі.

13) Атыс аяқталғаннан кейін қатысушы қаруын оқтан босатуы қажет және өз орнын тастап кетпей тұрып, оны төрешіге тексертуі қажет.

14) «Дайындал!» деген пәрменнен кейін және «Тоқтат!» деген пәрменге дейін от алаңында улауға және дауыс көтеріп сөйлеуге болмайды.

15) Төреші ол жарыс ережесін бұзбаса, оның атқышты мазаламауы қажет. Қарудың, киімнің немесе басқа да керек-жарақтың дайындығын бақылап тексеруді атыстардың арасындағы үзіліс кезінде жүргізуі қажет және бұл жағдайда атқыштар бір-біріне кедергі жасамауы тиіс. Атқыш көздеген кезде оны тек қауіпсіздік шараларын бұзса тоқтатады.

## **22. Ережені бұзғаны үшін жаза қолдану (жалпы ережелер)**

1) Жарыс ережесі бұзылған жағдайда немесе төрешілердің нұсқаулары орындалмаса қатысушыға оның сипатына және дәрежесіне қарай мынадай жаза қолданылады:

- ескерту;
- атыс нәтижелерінен айып ұпайларын шегеру;
- жаттығуды орындаудан босату;
- жарысқа қатысудан босату.

2) Жарыс ережесін бұзу:

- орнына келтіруге болатындар деп есептеледі. Бұл бұзушылық қаруға, киімге, жараққа, атыс кезіндегі даярлыққа, жаттығуды орындау шарттарына, мінез-құлқына және т.б.;
- Жабық, яғни қатысушылардың алдында артықшылықтар алу үшін жасалған қасақана деп бөлінеді.

3) Қатысушы әдейі ережені бұзса, онда оған ескерту және қателігін түзетуге мүмкіндік беріледі. Екінші рет қайталаса қатысушыға 2 ұпай айып салынады. Егер атқыш мұнан кейін де қателік жіберсе, онда ол жаттығуды орындаудан босатылады.

4) Қатысушыға ескертусіз оны жаттығуды орындаудан босатады, егер:

- Ол қауіпсіздік шараларын өрескел бұзса, яғни «Оқта!» деген пәрменге дейін атып жіберсе, немесе «Тоқта! Оқты ал!» деген командадан кейін қаруын (оғы болмаса да) көрермендерге, төрешілерге немесе басқа атқыштарға бағыттаса;
- Ережені жасырын бұзса;
- Тексеруден кейін және қаруға рұқсат берілген соң қаруға, киімге немесе жараққа Ережеде рұқсат етілмеген өзгерістер енгізсе;
- Тексеруден кейін және рұқсат етілгеннен кейін тексеруден өтпеген қару, киім, жарақпен ауыстырса;
- Дәлелді себептерсіз өзі бастаған жаттығуды орындаудан бас тартса.

5) Қатысушы жарыстан еш ескертусіз босатылады, егер ол:

- От алаңынан тыс атыс жасаса;
- Нысаналық қондырғылардың жақтаулары, қалқандардың нөмірлері, атыс алаңының конструкторлық элементтері бойынша атыстарды саналы түрде жасаса.

6) Егер қатысушы жаттығуда есепті атыстарды ережеде берілгеннен көп жасаса, онда артық атыстар есепке алынбайды. Егер артық атыстардың дәрежесі анықталмаса, онда тиісті нысанадағы ең жақсы ойықтар жоққа шығарылады (ең жақсы атудың нәтижелері).

7) Бұдан басқа қатысушының әрбір артық атысы екі ұпай айыпқа алынады және ол жаттығудың ең төмен деңгейінен шегеріледі. Төреші қатысушыға жаза қолданғанда оны ресми түрде айтуы қажет және ауысымның кәртішкесіне немесе от алаңындағы анықтамаға тиісі жазба түсіруі қажет.

### **23. Мүлт кетулер, ережені бұзу мен қателіктер**

1) Нысананың габаритті шеңберіне түспеген есепті ату (немесе сынама атыстардың саны шектелген жаттығуларда сынақ үшін ату) «мүлт кету» болып саналады, «нөл» деп есептеледі және қайталанбайды.

2) «А» және «В» санаттағы жарыстарда алғашқы нысана қойылғаннан кейін, егер қатысушы пневматикалық қарудан атқан кезде қарудың бекітпесінен оқсыз компрессорлы желкеуіктен атса, бұл оған мүлт кету деп есептеледі («нөл»). Бұл ретте қойылған есептік нысанаға (немесе келесі есептік нысанада «дыбыс» кезекті нысанаға дейін берілсе) қатысушы бір атуды кем жасайды.

3) «Оқта!» деген пәрменнен кейін, бірақ «Сөре!» деген бұйрыққа дейін атылған оқ мүлт кету деп есептеледі және қайталанбайды. Қатысушы бұл ретте бірінші есептік атуды (ол «нөл» деп есептеледі) орындамайды.

4) Егер қатысушы саны шектелген жаттығулар кезінде сынама ату кезінде сынақ үшін атуды орындағанда басқа адамның сынама нысанасына түссе, оған бұл атуды санауға тыйым салынады.

5) Егер қатысушы есептік ату кезінде басқаның есептік немесе сынамалық нысанасына түсіп кетсе, бұл оған «мүлт кету» деп есептеледі. Мұндай қателік жіберген қатысушы егер жарыста нысанаға бір есептік атудан артық орындау қажет болса, онда бір атуды аз жасайды.

6) Егер қатысушы өз нысанасындағы өзгенің ойығынан бас тартса, бұл жайында от алаңындағы төрешіні дереу хабардар етуі қажет. Бұл ретте:

- Егер от алаңындағы төреші атқыштың қаралып отырған атуды жасамағандығына сенімді болуы қажет, яғни бұл ойықтың күші жойылады;
- Егер от алаңындағы төрешіде атқыш сол атуды жасамағандығына толық сенімі болмаса, онда бұл ойық атқыштың есебіне алынбайды.

7) Ойықтың күшін жою туралы шешім мына жағдайда қабылданады, егер:

- Бақылаушы қатысушының іс-қимылына және нысанасына жасаған қадағалаудың негізінде қатысушы бұл атуды жасамағандығын растаса;

- Шамамен дәл сол уақытта көрші бір немесе үш от алаңында жаттығу орындаған қатысушы ату жасағандығын, ал ойықтың нысанада болмауын (мүлт кету) хабарласа (ал бақылаушы мұны растаса).

8) Егер қатысушының есептік нысанасында оған қатысты ойықтан басқа өзге адамның ойығы бар болса, онда қаралып отырған екі ойықтың ішінен жоғары дәрежелі ойық қатысушының есебіне алынады.

9) Егер қатысушының есептік нысанасында ойықтар бағдарламадағыдан көп болса, келесі нысанада (нысаналарда) ол тиісінше аз атулар (немесе керісінше) жасауы қажет. Жаттығудағы алғашқы қате екі атуы үшін қатысушы жазаланбайды, ал үшінші және одан кейінгілері үшін 2 ұпай айып салынады.

10) Атуды орындау кезінде от алмау есептелмейді және қосымша уақытқа мүмкіндік берілмейді.

#### **24. Ойықтардың дәрежесін анықтау.**

1) Түзетуші төрешілер ойықтың дәрежесін анықтағанға дейін қандай бір адамның болмасын нысанадағы ойықтарға жақындауына рұқсат етпейді.

2) Нысанадағы ойықтар егер оқтың калибрі габарит сызығын жауып немесе соған тиіп тұрса онда үлкен жаққа есептеледі.

3) Даулы ойықтарды бағалау көрінетін матадан оған қоршаулар жүргізілген қалып арқылы жүргізіледі (оның біреуі бақылау үшін, екіншісінің диаметрі оқтың калибріне тең болуы керек), немесе калибрдің көмегімен ойыққа қойылған фланцпен анықталады. Бағалау нәтижесі түзетуші төрешілердің біреуі немесе үшеуі қол қойып расталады. Басқа аспаптар арқылы бағалауға тыйым салынады.

4) Калибр қатты қағаздан жасалған нысаналарда қолданылады және ойыққа тек бір-ақ рет қойылады.

5) Пневматикалық оқтардан болған ойықтарды анықтау үшін фланецтің диаметріне тең «сыртқы» калибрлер пайдаланылады.

- 8 нөмірлі нысана үшін 5,5 мм-ге тең;

- 9 нөмірлі нысана үшін – 11,5 мм-ге тең.

6) «8 нөмірлі нысандағы сыртқы калибрмен 3-тен 10-ға дейінгі (мысалы калибрдің фланеці габариттің «6» деген сызығынан аспаса «8» есептеледі). «1», «2» және «ішкі 10» деген сандар қалыппен анықталады. 9 нөмірлі нысанада сыртқы калибрмен 2-ден 10-ға дейінгі ойықтардың дәрежесі анықталады (мысалы, калибрдің фланеці габариттің «8» деген сызығынан аспаса «9» есептеледі. «1» қалыппен анықталады.

7) Егер бір ойықтың шеті келесі ойықпен жыртылса, онда олардың дәрежесі тек қалып арқылы анықталады.

8) Қосылған (қосарланған) ойықтар бар болса, оларды екінші оқтың нысанада, қалқанда немесе экранда ізі көрінсе есепке алады.

Қосылған (қосарланған) ойықтардың болуын нысана алаңындағы аға немесе секторлық төреші нысананы түсірмей (орамай) бағалайды және оны түзетушіге бергенге дейін нысананың бланкісіне жазба түсіру арқылы растайды. Күмәнді жағдайларда нысана түзетушіге «қосарланған ойық бар» деген белгімен жібереді.

9) Егер түзетушінің 2 төрешісі даулы ойықтарды бағалауда келіспесе онда түзетуші үшінші төреші шақырылады және (+) немесе (-) белгілерімен бір уақытта кәртiшкелер көрсету арқылы басым дауыспен анықталады.

10) Түзетуші шешіміне арифметикалық қателермен және нәтиже жазбасындағы қателіктер жөнінде тек қана наразылықтар берілуі мүмкін.

### **Күш гимнастикасы**

#### **25. Жалпы ережелер**

1) Күш гимнастикасы бойынша мыналардан жарыстар өткізіледі:

- Ұлдар, жасөспірімдер, ерлер арасында биік белтемірге тартылудан;
- Қыздар, бойжеткендер, әйелдер, ұлдар, жасөспірімдер, ерлер арасында еденде жатып таяну арқылы қолды бүгіп - жазудан;
- Қыздар, бойжеткендер, әйелдер, ұлдар, жасөспірімдер, ерлер арасында арқанмен жату қалпында кеудені көтеруден.

2) Жаттығуды орындау үшін берілетін бақылау уақыты:

- 12-15 жастағы ұлдар мен жасөспірімдер үшін тартылу 3 мин;
- 16-17 жасар (балалар командасында) жасөспірімдер үшін 3 мин;
- 16-17 жасар жасөспірімдер, 18-ден және одан да жасы асқан өрлер үшін 4 мин;
- еденде жатып таяну арқылы қолды бүгіп-жазу:
- 12-15 жасар қыздар үшін 3мин;
- еденде жатып таяну арқылы қолды бүгіп-жазу:
- 16-17 жасар қыздар үшін (балалар командаларында) 3 мин;
- еденде жатып таяну арқылы қолды бүгіп-жазу:
- 16-17 жасар қыздар үшін және 18-дегі бойжеткендер мен 18-ден асқан әйелдер үшін 3 мин;
- еденде жатып таяну арқылы қолды бүгіп-жазу:
- «президенттік жарыстарда» 1 мин;
- арқамен жату қалпында кеудені көтеру:
- «президенттік жарыстарда» 12-17 жасар қатысушылар үшін 30сек;
- арқамен жату қалпында кеудені көтеру:
- «президенттік жарыстарда» 18 жасар және одан жоғары қатысушылар үшін 1мин;

3) Жарысты ұйымдастыру шарттары

- Жарыс спорт залдарында немесе ашық алаңдарда өткізілуі қаже.

Бірдей жас тобындағы қатысушыларды (ереже бойынша) бір ғана төрешілер бригадасы қызмет көрсетеді.

Бірдей жас тобындағы қатысушылар (ереже бойынша) бірге қатысу керек.

Әрбір снарядтың жанында: үстелдер мен орыдықтар (қатысушының орындығын қоса алғанда), сүлгі, снарядтың және төрешілер бригадасының реттік нөмірі жазылған тақтайша, төрешілерге арналған хронометрлер, құлағы ауыр еститін қатысушылар үшін жаттығуды орындауының дұрыстығын көрсететін қызыл және ақ түсті кәртiшкелер, белтемірдің жанында магнезия ұнтағы, қайрау қағазы, белтемірдің грифін сүртетін мата, белтемірді дайындау және сөрелік бастапқы қалыпты алу үшін әртүрлі

биіктіктегі банкеткалар (сатылар), белтемірдің астына қатысушылардың қауіпсіздігі үшін маттар қойылады.

- Техникалық себептерге байланысты жарақтарды сынап көретін және үлгілік төрешілік ұйымдастыру мүмкін болмаған жарыстарда Ереженің ерекшелігі командалардың өкілдері мен жаттықтырушыларына түсіндіріледі, ал қатысушыларға қыздырыну кезінде жарақтарды жіне магний тотығын сынап көру, төрешіліктің ерекшелігімен танысуға болады.

4) Күш гимнастикасына арналған жарақтар

1) Стандартты гимнастикалық белтемір:

-грифінің диаметрі 28+,-1мм;

Белтемірдің еденнен есептегендегі биіктігі 2750+,-250мм.

**Нұсқау:** олардың құрылғылық ерекшеліктері жаттығуды орындауға әсер етпейтін басқа да өлшемдегі белтемірлерді пайдалануға рұқсат етіледі.

-қолды бұғу-жазу жаттығуында қолдың бүгілуін бақылау үшін қолданылатын байланыспалы платформаның (21-қосымша) биіктігі 50+,-10мм, ұзындығы 300+,-10мм болуы қажет.

5) Биік белтемірге тартылу:

-Биік белтемірге тартылу қолдарымен жоғарыдан ұстап асылып тұру арқылы кеудесін, аяғын ұзыннан түзу ұстар тұрған бастапқы қалыптан орындалады.

«Бастапқы қалыптағы қолдарыңды иықпен теңдестір!» деген қалып қатысушының қолдарының сұқ саусақтары арасындағы аралық өзінің иығының кеңдігінен алақанының кеңдігі кем не артық болмауы тиіс деген сөз.

- Аға төрешінің «Жаракқа» деген бұйрығынан кейін қатысушы спорттық киімімен белтемірге жақындайды және 1 минут ішінде өзі немесе жаттықтырушының көмегімен белтемірдің грифін дайындайды, белтемірді ұстап көріп қолдарын жаттығуды орындауға дайындайды.

- Қатысушы ұйымдастырушылардың берген магний тотығын пайдалана алады немесе таза қолдарымен тартылады.

**Нұсқау:** қатысушы өзіне және барлық қатысушылар үшін төрешілер алқасы тексертуге уақыт берген жағдайда өзінің магнезиясын пайдалан алады.

-белтемірге шақырылғаннан кейін 1 минут өткен соң (егер қатысушы одан бұрын дайын болмаса) аға төреші «Баста!» деген бұйрық береді, содан кйін қатысушы қозғалыссыз сөрелік БҚ алуы қажет және «Рұқсат» деген пәрменнен кейін жаттығуды орындауға кіріседі.

**Нұсқау:** сөрелік бастапқы қалыпты алғаннан кейін қатысушыға жаттықтырушысы (өкіл) көмек бере алады.

5) Қатысушы тартылу кезінде:

- БҚ-дан иегін белтемірдің грифінен жоғары көтеріп үздіксіз қозғалып тартылуы қажет;

- Асылуы қажет;

- Тербелісті өзі тоқтатуы қажет;

- Төрешілер үшін БҚ 0,5 сек көруі үшін алуы керек;

- Есепші-төрешінің санай бастағанын естігеннен кейін жаттығуды одан әрі жалғастыруға міндетті.

**Нұсқау:** Бастапқы қалыпта өкшесінің тербелісі 0,5 өкше ұзыннан тұрғанда.

6) Тартылу кезінде қатысушыға:

- алақанына немесе грифке конифольді қоса алғанда желімдегіш заттарды пайдалануға;
- еденнен немесе басқа заттардан тартылуға;
- кеудесімен «жұлқуға», «сермеуге», аяғымен толқындар жасауға;
- қолын кезекпе-кезек бүгуге;
- бір қолымен асылып тұруға;
- алақанын жайып жіберіп, ұстауды жіберуге;
- алақанды жайып, қолымен белтемердің бойымен немесе қарама-қарсы ұстауға;
- кезекті тартылу кезінде тоқтап қалуға рұқсат етілмейді.

**Нұсқама:** тартылу кезінде белтемірдің грифінде «Алақанымен сықырлату» алақанға немесе грифке желімдеме заттарды жағудың белгісі болып табылмайды; белтемірдің грифі бойынша алақанын жазбай жүру қателік болып саналмайды. «Күшпен» тартылуды жеңілдетуге алып келетін жаттығуды орындау кезінде қатысушының дене бөлігіне қатысты жағдайды жәйіменен өзгерту қате болып саналмайды.

7) Қатысушы:

- сөрелік БҚ алу үшін тірек немесе жаттықтырушы көмегін пайдалануға;
- алақандарын жазбай-ақ белтемірдің грифінде ұстау жағдайын өзгертуге;
- тартылуды жеделдетіп немесе ақырындап орындауға құқылы.

8) Әрбір дұрыс орындалған тартылыс «Бар!» деген пәрменнен белгіленеді, ол аға төрешіге қатысушының иегі белтемірдің грифінен жоғары көтерілген кезде айтылады.

9) Қатысушының бастапқы БҚ есепке алғаннан кейін (0,5сек) есепші-төреші аяқталған тартылудың кезекті есебін дереу хабарлайды. Бір уақытта есепті хабарлауды бастау жаттығуды одан әрі жалғастыруға рұқсат беру болып табылады.

**Нұсқау:** есепші-төреші егер қатысушы БҚ 0,5 секундта есепке алмаса анда есепті кідіртуге құқылы.

10) Қатысушы жаттығуды орындау ережесін бұзса, онда аға төреші «Жоқ!» деп хабарлайды және қателікті қысқаша түсіндіреді, ал есепші төреші қатысушы БҚ келгеннен кейін алдыңғы есепті хабарлайды.

11) «Қағып кету» қатесі кезінде, яғни ашылған алақанды есепке алғанда қатысушыға тартылуды орындағандағы кезекті бір дұрыс ұпай есепке алынбайды.

12) Егер «Жоқ!» деген бұйрық үш рет қатарынан қайталанса, аға төреші «аяқталды!» - деп бұйырады және тартылудың есепке алынған санын қатты дауыспен айтады.

13) Төреші – хронометрші жаттығуды орындауға кеткен уақыт туралы «30 сек кетті!», «Минут!» деп бұйрықтар береді.

14) Төреші – хронометрші «Рұқсат!» деген команда беру және секунд санағышты қосу арқылы минут сайын жаттығуға кеткен уақытты хабарлайды. Бақылау уақытының соңғы минуттарында ол «1 минут қалды!»,

30 секөнт қалды, 15 секөнт қалды, 5,4,3,2,1, Уақыт!» деп хабарлайды және секөнт санағышты тоқтатады. Уақыт деген бұйрықпен бірге аға төреші аяқтады деп бұйрық береді және есепке алынған тартылулардың санын атайды.

**Нұсқау:**Егер қатысушы бақылау уақытында кезекті есеп басталғанға дейін соңғы дұрыс орындалған қозғалысты есепке алмаса, бұл қозғалыс оған есептелмейді.

15) Егер қатысушы жаттығуды орындауды өзі (секіріп) немесе «Аяқтады!» деген бұйрықпен бірге аяқтаса төреші – хронометрші тоқтатады және жаттығудың орындалған уақытын хабарлайды.

16) «А» және «В» санаттағы жарыста жарақтағы аға төреші жаттығу аяқталып болған соң дереу саусақтарымен сипап тексеруі қажет және белтемірді араласпаған спиртпен сүртіп қатысушының қолы мен белтемірде желімдегіш заттардың болу – болмауын тексеріп көреді, бұдан кейін хатшы хаттамаға белгі түсіреді.

17) Жарақтағы аға төреші желімдегіш затты пайдаланғандығын анықтаса, тез арада қарап шығу комиссиясының төрағасын және күш гимнастикасынан бас төрешінің орынбасарын қатысушының қолын және белтемірді қайтадан бірлесіп тексеруге шақыртады. Дауыстар тең болса, шешім қатысушының пайдасына шешіледі.

18) желімдегіш затты пайдалануды айғақтау қатысушы сол жарыстан шектетуге негіз болып табылады.

### Биік белтемірге тартылу

Атауы	Байқалған қателіктер
«бұғақ»	Бұғақ белтемірден жоғары көтерілмеді
«белгіленбеді»	Қатысушы 0,5 сек-қа (1-сурет) бастапқы қалыпты алмады
«санымен жүлқу»	Бір жағына қарай шалт қозғалу (2-сурет)
«жіліншікпен сілтеу» және т.б.	Тоқтап барып тербелісті (маятниктік) қозғалу
«кезекпе-кезек»	Қолдарын кезекпе-кезек бүгудің анық көрінуі
«қағып кету»	қатысушы алақанын жайып (төреші алақанның сыртқы жағын көрді)
«аялдау»	Қатысушы тартылуда қозғалыстың үздіксіздігін бұзып, тұрып қалды

### 26. Еденде жатып таяну арқылы қолды бұғу-жазу



1) Қолды бүгіп-жазу еденде жатып таяну арқылы бастапқы қалыптан орындалады; алдына қарай түзу ұсталған қолдар еденге саусақтарын алдына қойып иығымен бірдей жағдайда тіреледі; иығы кеудесі және аяқтары ұзыннан созылған түзулікте, аяғының башпайлары еденге қосымша тірексіз тіреледі.

**Нұсқау:** қолдың сұқ саусақтары арасындағы қашықтық қатысушының иығынан аспауы қажет.

2) Аға төрешінің «Жаракқа!» деген пәрменінен кейін қатысушы қыз байланыспалы платформаға жақындайды. Минут ішінде құрылғыны байқап көреді және жаттығуды орындайды.

3) 1 минуттан соң жаракқа шақырғаннан кейін (егер қатысушы қыз бұрын дайындалмаса) аға төреші «Баста!» деген пәрмен береді. Содан кейін қатысушы сөрелік бастапқы қозғалыссыз қалыпты алып, «Рұқсат!» деген пәрменнен кейін жаттығуды орындайды.

4) Қолды бүгіп жазу кезінде қатысушы:

- Бастапқы қалыпта қолын бүгіп, кеудесін байланыспалы платформаға тигізу қажет;
- Қолын жазып бастапқы қалыпқа келеді;
- Төрешілер белгілеуі үшін бастапқы қалыпты 0,5 сек. Ұстайды;
- Аға төрешінің «Бар!» деген пәрменінен естігеннен кейін жаттығуды жалғастырады;

Аға төрешінің «Жоқ!» деген пәрменінен кейін, төрешілер белгіленуі үшін бастапқы қалыпты 0,5 сек ұстайды және содан соң қателікті қысқа айтқаннан және алдыңғы есепті айтқаннан кейін жаттығуды жалғастыруға міндетті.

**Нұсқау:** жаттығуды орындаған кезде иықтары, кеудесі және аяғы түзу сызық бойында жатуы тиіс.

5) қатысушыға тыйым салынады, мына жағдайда:

- «Баста!» деген пәрменнен кейін сөрелік бастапқы қалыпты алып кідіріс жасауға;

- демалыс кезінде бастапқы қалыпты бұзуға;

- аяқтарына тіреу жасауға;

- еденге санын тигізуге;

- кеуденің өстік сызығына қатысты шынтағын 45 градусқа сілтеуге;

- басын, иығын, кеудесін «жұлқуға» және «толқын» жасауға;

- кезекті қолды бүгіп жазу кезінде тоқтап қалуға;

- кеудесін платформаға 1 сек артық тигізуге;

6) Қатысушы:

-қолды бүгіп жазуды жылдам немесе асықпай орындауға;

- бастапқы қалыпта демалуға құқылы.

7) Қолды бүгіп жазудың әрбір дұрыс орындалуы бастапқы қалыпта 0,5 сек-қа бастапқы қалыпты белгілегеннен кейін аға төреші беретін «Бар!» деген пәрменмен белгіленеді. «Бар!» деген пәрмен бір мезетте жаттығуды жалғастыруға рұқсат ету болып табылады және төреші есепшінің есепке алынған бүгіп-жазуларды хабарлауымен жалғасады.

**Нұсқау:** егер қатысушы бастапқы қалыпты 0,5 секундқа белгілемесе, аға төрешінің «Бар!» деген пәрменді кідіртуге құқығы бар.

8) Қатысушы жаттығу ережесін бұзса аға төреші «Жоқ!» деген пәрмен береді және қатені қысқаша хабарлайды, ал есепші төреші қатысушы бастапқы қалыпты 0,5 секундқа белгілесе, алдыңғы есепті хабарлайды. Қате жіберсе, алдыңғы есепті хабарлайды. Қате жіберсе, алдыңғы есепті хабарлау жаттығуды орындауға рұқсат беру болып табылады.

**Нұсқау:** егер қатысушы бастапқы қалыпты 0,5 секундқа белгілемеді деп шешсе, онда есепші төреші «алдыңғы есепті» кідіртуге құқылы.

9) қолды кезекті бүгіп-жазуды орындау кезінде бастапқы қалыпты бұзса, («Жоқ!» деген пәрмен, қателікті көрсету және алдыңғы есепті хабарлау) қатысушыға дұрыс орындалған бір ғана бүгіп-жазу есепке алынады.

10) Хронометрші төреші жаттығуды орындауға дайындыққа берілген уақыттың аяқталғандығын «30 сек кетті!», «Минут!» деп хабарлайды.

11) Хронометрші –төреші «Рұқсат!» деген пәрменмен секундсанағышты қоса отырып, жаттығуды орындаудың кеткен уақытын минут сайын хабарлайды. Бақылау уақытының соңғы минутын «минут қалды,30 секунд қалды, 15 секунд қалды, 5;4, 3,2,1 Уақыт» деп хабарлайды және есепке алынған бүгіп-жазуларды хабарлайды.

**Нұсқау:** егер қатысушы бақылау уақыты кезінде соңғы дұрыс орындалған жаттығуды «Бар!» деген пәрменге дейін белгілеп үлгімесе онда бұл қимылы оған есепке алынбайды. Егер жаттығу бақылау уақыты аяқталғаннан кейін тоқтатылса, онда төреші хронометрші аға төрешінің «Аяқтады!» деген пәрменінен кейін секундсанағышты тоқтатады және уақытты хабарлайды.

2) Қатысушылардың қателіктері:

Қателіктің аты	Көрініс табуы
«тимеді»	Қатысушы кеудесін байланыспалы платформаға тигізбеді
«белгіленбеді»	Қатысушы БҚ 0,5 сек алмады
«иықтары»	Иықтары «иық- кеуде-аяқ» түзу сызығынан кеудеден жоғары немесе төмен кетіп түзу сызықты бұзды «1а, 1 б суреттер»
«сан»	Сандары еденге тиіп тұру (2-сурет)
«жамбас»	«иық-кеуде-аяқ» түзу сызығын жамбасы бұзды(3-сурет)
«толқын»	Иығымен, жамбасымен және т.б. (4-сурет) түзу сызықты кезекпе-кезек бұзу
«кезекпен-кезек»	Қолды кезекпе-кезек бүгіп-жазудың анық көрінуі
«1 секунд»	қатысушы қыз 1 секунд бойы байланыспалы платформада жатыр
«бұрыш»	Жаттығуды орындау кезінде шынтағы кеуденің өсіне

	қарағанда 45 градусқа жайылған.
«бастапқы қалып»	Демалу кезінде бастапқы қалып сақталмады.

Еденде жатып тірелу арқылы қолды бүгіп-жазу.

### **27. Арқасымен жатып кеудені көтеру.**

1) жаттығу бастапқы қалыптан (БҚ), орындалады; гимнастикалық матта жатып, қолдарының саусақтары желкесінде «құлыптаулы» күйде. «Сөре!» деген пәрменнен кейін қатысушы кеудесімен шынтағымен санын және тізесіне тигізіп және БҚ дейін қайта жазылып, жауырнын матқа «еденге» тигізеді.

2) аға төреші (немесе төреші-хронометрші) «Сөре!» деген(бір мезетте секундсанағышты қоса отырып), пәрмендер береді

3) есепші төреші кеудені көтеру жаттығуының дұрыс орындалғанын еселей отырып, есепке алады.

4) Қатысушы қателік жіберген жағдайда есепші төреші «Жоқ!» деген пәрмен береді және сол арада қатені атайды, қатысушы БҚ-ға келгеннен кейін алдыңғы есепті атап көрсетеді.

5) Бұрынғы есепті үш мәрте қайталағаннан кейін «№ қатысушы(немесен тегін атайды)! «Тоқта!» деген пәрменмен жаттығу орындау тоқтатылады.

б) жаттығуды орындау кезінде қатысушылардың қателігі және олардың атаулары:

- «санына тиген жоқ» – қатысушы шынтағымен саны мен тізесіне тиген жоқ
- «БҚ белгіленбеді» – қатысушы жауырынымен матқа (еденге) тиген жоқ;
- «қолдары ашылды» – қолдарының саусақтары«құлыптан» шығып кетті;
- «90 градустан жоғары» – қолдарының саусақтары «құлыптан шығып кетті»

**Нұсқау:** егер қатысушы дұрыс орындалған қимылдан кейін және «Тоқта!» деген пәрменне дейін БҚ-ны белгілеп үлгірмесе, оның бұл қимылы есепке алынбайды.

### **Шаңғы жарысы**

#### **28. Жалпы ережелер**

1) Шаңғы жарысы 3,5,10 және 10 км-ге еркін немесе классикалық үлгіде өткізіледі. Бұл жайлы жарыс ережесінде көрсетіледі.

2) Жарыс жолдарының Ережеге сәйкес биіктік алмасуы, өрлеу, тегіс және ылдилау болатын учаскелері болуы қажет.

3) Қозғалыс бағытын кенеттен өзгертуге болмайды. Қозғалыс бағытының өзгеруі ылдиға дейін болуы керек, одан кейін болмайды.

4) Үлкен жылдамдықта және тайғақ шаңғы жолдарында ылдилар қауіпсіз болуы қажет. Тайғанақ бұрылыстардан, сүйір бұрыштардан және тар жолдардан аулақ жүру қажет.

Сондай-ақ балаларға, әйелдерге, әзірлігі нашар қатысушыларға арналған жолдарды дайындау кезінде осы талаптар сақталуы қажет.

5) Классикалық үлгідегі екі шаңғы жарысын өткізу және қар таптайтын машиналар үшін трассаның ені 3-4 м болуы қажет. Ылдида трассаның ені кемінде 4 м, ал ылдидағы бұрылыстарда кемінде 6 м болуы қажет.

6) Егер онда жаяу жүргіншінің аяқ киімінің ізі қалса, онда шаңғы трассасы нығыздалған деп есептелінеді. 2,5 м ені бар трассаға қар нығыздалғаннан немесе арнайы машинамен жүріп өткеннен кейін екі шаңғы жолы салынады. Олар бір-бірінен (шаңғы жолының ортасынан өшегенде) 1-1,2 м-к аралықта орналасқан.

7) Бір шаңғы жолынан екі жеке із бір-бірінен 17-25 см ( шаңғының ортасын есептегенде) аралықта орналасуы қажет. !Әрбір шаңғы жолы үшін соқпақтың тереңдігі кем дегенде 2-3 см болуы қажет.

8) Мұзы дұрыс қатпаған өзенде, көлде және батпақты жерде, темір жол, үдемелі қозғалыстағы тыс жолдарда трассалар салуға тыйым салынады.

### **29. Трассаны өлшеу**

1) Трасса болаттан жасалған металл бауы бар ұзындығы 50 м-к рулеткамен немесе қашықтық өлшегішпен өлшенеді.

2) Трассаны өлшегенде акт жасалады, оған жарыстың ресми өлшеуші («С» және «Д» және «Е» санаттағы жарыстарда инспектор) шаңғы жарысы мен спорт мәселелері жөніндегі бас төрешінің орынбасары, трасса бастықтары мен олардың орынбасары, трасса бастықтары мен олардың орынбасарлары қол қояды. Актіге трассаның сұлбасы бейіні қоса тігіледі. Көрсетілген құжаттар жарыс басталғанға дейін бас төреші бекітеді.

### **30. Биіктіктің алмасуы**

1) қашықтықтың ең төменгі және ең жоғарғы нүктелері арасындағы биіктіктің алмасуы

- 8 км қашықта (жасөспірімдер, әйелдер, ересек жастағы ерлер) – 100 м-ден;
- 10 км-ге (16-39 жастағы ерлер үшін) – 200 м-ден аспауы қажет;

2) Ұзындығы кемінде 200 м-к ең жоғары биіктік алмасуда 5 км-к қашықтықта 60 метрден, 10 м-к қашықтықта -80 м-ден аспауы қажет.

3) «А» және «В» санаттағы жарыстарда трассалар 8-12С-тік жардан көтерілуде және 18С-тік жардан қысқа көтерілуде трассаның үштен бірін қамтуы қажет.

4) «А» және «В» санаттағы жарыстардың біліктілік талаптарына трасса сәйкес болуы үшін биіктік алмасуының қажетті сомасы (MT):

- әйелдердің 3 км-к қашықтығында -30м, 5 км-к қашықтықта-150 м;
- ерлердің 5 км-к қашықтығында -150 м, 10км-к қашықтықта -300м.

5) «А» и «В» санаттағы жарыстар шаңғы жарысынан ұлттық федерация бекіткен трассаның паспорты, сұлбасы (масштаб 1:10000) және олардың бейіндері (1:50000 – ұзындық үшін, 1:5000 – биіктік үшін), бар трассаларда өткізіледі.

### **31. Трассаларды жабдықтау.**

1) Трассаның ұзын бойына жалаушалар қойылады. Ылдилар мен бұрылыстарды белгілеу үшін жалаушалардан салпыншақтар ілу ұсынылады. Жалаушалар трассаның ішкі жағынан арасы 1-1,5 м-ден қойылады. Трасса қатысушының қозғалыс бағытына қатысты күмән тудырмайтындай етіп белгідеуі тиіс.

2) Трассаны белгілеу үшін шаңғы белгісі, жебелер, түрлі-түсті жалаушалар және салпыншақтар пайдаланады. Жалаушалар қатысушы жалаушаның жанынан өткен кезде кейінгісін көре алатындай етіп бір-бірінің арасына қойылады. 1 км трассаға орташа есеппен кемінде 30 жалауша қойылуы қажет. Трассадағы жалаушалар қатысушылардың жынысына және әртүрлі қашықтыққа орай әр түсті болуы қажет.

3) Сөреден бастап әрбір километрдің соңында 1,2,3,4 км және т.б., ал мәреге 500 және 200 метрдей қалғанда: «Мәреге дейін 500 м», «Мәреге дейін 200 м» деген сары тақтайшалар ілінеді, ондағы сандар қара бояумен жазылады.

4) Күрделі ылдилар мен бұрылыстарда анық көрінетін сары түсті леп белгісі бар жалауша қою қажет.

### **32. Сөре мен мәрені жабдықтау.**

1) Сөре мен мәренің орны бір деңгейде бір-бірінен кемінде 10 м жақын және 100 м-ден алыс емес қашықтықта болуы қажет. Мәренің орны оған жақындаған қатысушы кемінде трассаның қалған 50 м-ден көрінетіндей және соңғы шақырымдарда ылди болмауы қажет.

2) «А» және «В» санаттағы жарыстарда сөре алдында шаңғышы маркілеуге орын қойылады. Маркілегеннен кейін қатысушы бірден сөреге шығады.

3) Сөре алаңында сөрелік хаттамалар, трассаның сызбасы мен бейіні, сондай-ақ температуралық табло қойылуы қажет.

4) Шаңғы жарысын өткізу кезінде мыналар болуы қажет:

- зардап шеккен қатысушыларды эвакуациялау үшін көлік (арба, қарда жүргіш, санитарлар автокөлігі);
- шаңғыға орнатылған зембілдер («орамалар және көрпелер»);
- жеке таңғыш пакеттер (бақылаушылар).

5) Медициналық көмек көрсету орындары туралы трассадағы төрешілерді, қатысушыларды және команда өкілдерін хабардар ету қажет және олардың орналасқан жерлерін сөрелік қалашықта ілінген трасса сызбаларында анық көрінуі қажет.

### **33. Сөре.**

1) Жарыста мынадай сөрелерге рұқсат етіледі:

- жалғыз (қатысушылар аралығы 30 сек немесе 1 минуттан сөреге шығады);
- жұптасып (қатысушылар екеуден арасы 30 сек немесе 12 минуттан сөреге шығады);
- топтасып (қатысушылар топтасып (командамен) 3-5 адамнан арасы 1 минуттан сөреге шығады; сөренің қайталануы бұл ретте жеребемен анықталады);

- жалпы, мұнда барлық қатысушылар бір уақытта сөреге шығады.

#### **34. Сөренің ережесі.**

- 1) Сөреден шығатын қатысушылар сөре алдында тіркеуден өтеді.
- 2) Жарыс шартына сәйкес шаңғысы маркіленбеген киімі, нөмірі қатысушыға сай келмесе мұндай қатысушы сөреге жіберілмейді.
- 3) Қатысушы сөрелік хаттамада белгіленген уақытта сөреден шығады. Егер ол келмесе немесе жарысқа бірнеше қатысушы кешіксе, онда қалған спортшылардың сөрелік уақыты өзгермейді.
- 4) Егер жалғыз, жұптасып немесе топтасып сөреде сөреші қатысушының бүйірінен сол жақта сөрелік сызықта тұрса және сөреге дейін 10 сек қалғанда «10 секунд қалды!» деп команда берсе 5-4-3-2-1 деп санауы қажет және «Марш!» деген бұйрық береді. Егер сөре электрлі хронометрмен берілсе, онда дыбыстық сөрелік белгі беріледі. (Зуммер)
- 5) сөрелік бұйрық берілгенше, жарысушының аяғы «шаңғыны бекіту»және таяғы сөрелік сызықтың алдында тұруы тиіс.
- 6) алдын ала сөреге шығып кеткен қатысушы сөрешінің бұйрығы бойынша орнына қайта келуі қажет, содан кейін ғана ол қайтадан сөреден шығады. Бұл ретте қатысушы белгіленген хаттамалық сөрелік уақытта сөреден шықты деп есептеледі.
- 7) жалпы сөреде қатысушылар алдын ала тұру сызығына орналасады, яғни сөрелік сызықтан 5 метрдей жерде тұрады. «Сырт киімді шеш!», «Сөреге!» деген бұйрықтардан кейін қатысушылар киімдерін шешіп, сөреге шығады.
- 8) Сөреші 10 секунд қалғанда «10 секунд қалды!»5 сек қалғанда «5 секунд қалды!» деген дайындық бұйрықтарын береді және тапанша немесе жалауша көтереді. Уақыт өткеннен кейін ату арқылы немесе «Марш!» деген жалаушаны түсіру арқылы бұйрықтар беріледі.
- 9) жалпы сөреде уақытынан бұрын сөреге шыққан қатысушылар оларды қайтарады және барлық қатысушылар үшін жана сөрелік белгі беріледі.
- 10) Топтасып немесе жалпы сөреден шығу кезінде алғашқы 100 м қашықтыққа шыққан қатысушылар класскалық үлгіде әрқайсысы өз шаңғы жолында жүгіреді, содан кейін ғана еркін түрге көше алады, ал қолжалғай қалған 100 м үш жалпы жолының біріне өтуіне болады.
- 11) хаттамадағы уақыттан сөреден шығуға кешіккен қатысушы сөрешінің шешімімен кез келген уақытта басқа жүгірушілерге кедергі жасамай, бірақ жарысқа соңғы қатысушы сөреден шыққаннан кейін шығады. Ол шаңғысын маркілеуі тиіс, сөреде тіркелуі және сөрешінің белгісі бойынша сөреден шығуы тиіс. Бұл ретте ол сөрелік хаттамалық уақытта жарысқа шықты деп есептеледі.
- 12) Бас төрешілер алқасы кешігу төтенше жағдайлармен байланысты болды деп шешкенде қажет болса, төрешілер жарысқа кешіккен қатысушының нақты сөрелік уақытын тіркеуі қажет.

#### **35. Мөре.**

1) Мәредегі төрешілер бригадасы қашықтықтың аяқталғандығын мәре сызығын бірінші болып кесіп өткен аяқтың саны бойынша шаңғы деңгейінен 25 см биіктікте (1 секундқа дейінгі дәлдікпен) және мәрелік хаттамаларды және мәредегі аға төрешінің хронометрінен кейін есепке алады және хаттамаларды шаңғы жарысынан бас хатшының орынбасарына тапсырады. Автохронометр болған жағдайда қатысушылардың уақыты 0,01 секундқа дейінгі дәлдікпен өлшенеді, нәтижелер келесі толық секундқа дейін шеңберленеді.

#### 2) Қатысушы:

- қашықтықтың соңғы 200 м-де мәре алдында шаңғы жолын баспауға;
- таяғын ауыстыруға;
- қолжағалауда бір шаңғы ауыстыруға;
- қашықтықта шаңғысын майлауға және мүкәммалын басқа біреудің көмегінсіз жөндеуге;
- майды ауыстыру кезінде жылытқыш аспаптар қолдануға, егер оларды басқа адам жақса;
- тамақ ішуге;
- өзі немесе басқа қатысушылардың қашықтықтың қандай да бір бөлігін қалай және қандай уақытта өтіп жатқандығы туралы мәлімет алуға;
- медициналық көмек алуға.

#### 3) Қатысушы:

- барлық бақылау қосындарын өтуге;
- мәреден кейін шаңғысындағы маркілеуді тексеруге беруге;
- жарысты тоқтатқаннан кейін бұл жайында бақылаушы төрешіге және команда өкіліне хабарлауға;
- басқа қатысушының артынан келе жатып оның шаңғысынан өзінің шаңғысының басына дейінгі 1 м-ге дейінгі аралықты сақтауға;
- бірінші болып келе жатып, оны қуып жеткен қатысушының талабы бойынша оған қос шаңғысымен шығып, шаңғы жолын беруге (қашықтықтың аяқталуына дейін 200 м басқа);
- қашықтықтағы спортшылардың біреуіне жазатайым оқиға болса, оған бірінші болып көмек көрсетуге және бұл жайында жолында кездестірген бірінші төрешіге хабарлауға міндетті.

#### 4) Қатысушыға мына жағдайларда тыйым салынады:

- 1-тармақта көрсетілгеннен басқа қандай да бір көмек алуға;
- Бір немесе (қолжалғауда ) 2 шаңғы ауыстыруға;
- өз командасы мүшелері (жанкүйерлер), тарапынан көшбасшының болуына немесе басқа қатысушыға 30 м бойы көшбасшы болуға (оны алдынан, артынан немесе бүйірінен ілесіп отырға);
- басқа қатысушының қашықтықты жүріп өтуіне кедергі жасауына тыйым салынады..

5) қашықтықты жүріп өтуіде жарыс ережесін бұзған қатысушы шаңғы жарысынан шығарылады.

## ЖАРЫС СИПАТТАМАСЫ

А –Санаты Қазақстан Республикасының чемпионаттары мен кубоктары, ДСҰ мен ведомствоаралық чемпионаттары

Б –Санаты Облыс чемпионаты

В –Санаты Аудандар мен облыс орталықтары чемпионаты

Г –Санаты ДШК мен клубтарының чемпионаттары

### БАС ТӨРЕШІЛЕР АЛҚАСЫ МЕН ОҒАН БЕКІТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚҰРАМЫ

№	Төрешілік лауазымның атауы	А	Б	В	Г
1	Жарыс басшысы (бас төреші)	1	1	1	1
2	Бас хатшы	1	1	1	1
3	Жұмыс бағытына (ұйымдық мәселелер, техникалық кадрлар, медициналық қамтамасыз ету және т.б..)қарай орынбасарлары	3-4	2-3	2	1
4	Көпсайыстың түрлері бойынша бас төрешілер	3-4	3-4	2-3	2-3
5	Бас хатшының орынбасары	2-3	2	1	1
6	Көпсайыс түрлерінен бас хатшының орынбасары	3-4	3-4	2-3	2-3
7	БТА-ның хатшылығы	7-8	5-7	3-5	2
8	Рұқсат беру комиссиясы	3	2	2	2
9	Федерацияның техникалық өкілдері	3	2	2	1
10	Аппеляциялық қазылар	5	3	3	3
11	Баспасөз орталығының операторлары	1	1	1	1
	<b>Жарыс қызметі:</b>				
1	Жарыс директоры	1	1	1	1
2	Кадрлық қызмет	2	2	1	1
3	Саалтанатты рәсімдеу және марапаттау қызметі	3	3	2	2
4	Ақпарат қызметі	4-5	3-4	2	2
5	Қатысушыны дайындау қызметі	2-3	2	2	2
6	Компьютерлік қамтамасыз ету және жарыс нәтижелерін өңдеу қызметі	3	2	2	2
7	Комендант	1	1	1	1
8	Көшіру техникасының операторлары	1-2	1	1	1



**ТӨРЕШІЛЕР АЛҚАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ  
НЫСАНА КӨЗДЕУ**

№	Төрешілік лауазымның атауы	А	Б	В	Г
1	Түзетуші аға төреші	1	1	1	1
2	Түзетуші төрешілер	1	1	1	1
3	Хатшылар	2	2	2	2
4	Қару жөніндегі аға төреші	2	2	1	1
5	Қару жөніндегі төреші	1	1	1	1
6	От алаңындағы секторлық төреші	1	1	1	1
7	От алаңындағы секторлық төреші	1	1	1	1
8	От алаңындағы төреші	1-2	1-2	1	1
9	бақылаушылар	1	1	1	1
10	Нысана алаңындағы аға төреші	10	5	5	5
11	Нысана алаңындағы секторлық төреші	1	1	1	1
12	Хабарлаушы төреші	1-2	1-2	1	1
13	Қатысушылар маңындағы төреші	1	1	1	1
14	Нысаналарды дайындайтын төрешілер	2-3	2	1-2	1
	<b>Қызмет көрсету бригадасы</b>				
1	Дәрігер	1	1	1	1
2	Комендант	1	1	1	1
3	Жұмысшылар	1-2	1-2	1	1
4	Қару-жарак шебері	1	1	1	1
5	Байланысшы радист	1	1	1	1

**ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА**

№	Төрешілік лауазымның атауы	А	Б	В	Г
1	Рефери (жүгіру, лақтыру, секіру)	1	1	1	1
2	Хабарламашы төреші	2	1	1	1
	Жүгіру бригадасы(біреу)				
1	Мәредегі аға төреші	1	1	1	1
2	Сөреші төреші	2	1-2	1	1
3	Сөрешінің көмекшісі	2-3	2	1	1
4	Қашықтықтағы төреші	2-4	2-4	2	2
5	Мәредегі төреші	6-8	5-7	5-7	3-5
6	Аға төреші- хронометрші	8-10	6-8	5-6	3-5

7	Жүгіруден хатшылар	2	2	1	1
	Лақтырулар төрешілер бригадасы (біреу)				
1	Аға төреші	1	1	1	1
2	Хатшы	1	1	1	1
3	Төрешілер және өлшеуіштер	4-5	3-4	3-4	3-4
	Секіруден төрешілер бригадасы (1)				
1	Аға төреші	1	1	1	1
2	Хатшы	1	1	1	1
3	Төрешілер және өлшеуіштер	2	2	2	2
	<b>Қызмет көрсету бригадасы</b>				
1	Дәрігер	2	2	1	1
2	Комендант	1	1	1	1
3	Жұмысшылар	4-6	3-5	2-3	2-3
4	Байланышы	1-2	1	1	1

### ШАҢҒЫ ЖАРЫСЫ

№	Төрешілік лауазымның атауы	А	Б	В	Г
1	Техникалық мәселелер бойынша аға төреші	1	1	1	1
2	Қашықтық бастығы	1	1	1	1
3	Хабарлаушы төреші	1	1	1	1
5	Сөрелік бригада (біреу)				
6	Аға төреші	1	1	1	1
7	Сөреші	1-2	1	1	1
8	Сөрешінің көмекшісі	1-2	1	1	1
9	Хатшы	1	1	1	1

10	Шаңғыны маркілеуші төреші	1	-	-	-
12	Шаңғыны маркілеуші хатшы	1	-	-	-
13	Мәрелік бригада 1	2	1	1	1
	<b>Мәредегі аға төреші</b>				
1	Төреші-белгілеуші	1	1	1	1
2	Бас хронометрші	2	1	1	1
3	Хронометрші	1	1	1	1
4	Хронометршілер хатшысы	3	2	1	1
5	Келу тәртібіндегі төрешілер	2	1	1	1
6	Келу тәртібіндегі төрешілердің хатшысы	2	1	1	1
7	Мәредегі төреші-хатшы	2	1	1	1
8	Маркілеуді тексеруші төреші	1	-	-	-
	<b>Жолдағы бригада (біреу)</b>				
1	Трасса бастығының орынбасары	1	1	1	1
2	Бақылау пунктеріндегі төрешілер	12-6	10-5	10-3	5-3
	Қызмет көрсету бригадасы				
1	Дәрігер және медбике	4	2	2	2
2	Комендант	1	1	1	1
3	Радист және жолдағы байланысшылар	2-4	2	2	2
4	Техника құралдарының жүргізушісі	2-3	2	1	1
5	Жабдықтар жөніндегі жұмысшылар	3-4	2-3	2-3	2-3
6	Жолдағы жұмысшылар	4-6	3-4	3	3

### ЖҮЗУ

№	Төрешілік лауазымның атауы	А	Б	В	Г
1	Аға төреші	1	1	1	1
2	Мәредегі аға төреші	1	1	1	1
3	Хабарлаушы	1	1	1	1
4	Сөреші	1	1	1	1
5	Сөрешінің көмекшісі	2	2	1	1
6	аға хронометрші	1	1	1	1
7	Хронометршілер	11-14	10-13	10-13	10
8	Мәредегі хатшы	1-2	1-2	1	1

9	Мәредегі төреші	4	2	2	2
10	Бұрылыстағы төреші	2	2	1	1
11	Қатысушылардың жанындағы төреші	2	2	1	1
	Қызмет көрсету бригадасы				
1	Дәрігер	1	1	1	1
2	Комендант	1	1	1	1
3	жұмысшылар+үй сыпырушылар	3+3	2+2	2+2	2+2
4	Байланысшы	1	1	1	1
5	Құтқарушылар	2	2	2	2

### КҮШ ГИМНАСТИКАСЫ

№	Төрешілік лауазымның атауы	А	Б	В	Г
1	Төреші-хабарламашы	1	1	1	1
2	Қатысушылар жанындағы төреші	1	1	1	1
	<b>Жарақтағы лауазымның бригадасы (1)</b>				
1	Аға төреші	1	1	1	1
2	Есепші төреші	1	1	1	1
3	Хронометрші төреші	1	1	1	1
4	Хатшы төреші	1	1	1	1
	<b>Қызмет көрсету бригадасы</b>				
1	Дәрігер	1	1	1	1
2	Комендант	1	1	1	1
3	жұмысшы	2-3	1-2	1-2	1
4	байланысшы	1	1	1	1
5	Ақпараттық таблодағы оператор	1	1	1	1

### Жарыстың санаттарына байланысты төрешілердің қосымша жұмыс күндерінің, БТА-ның жарыстан тыс күндерінің ұсынылған есеп КЕСТЕСІ

Жарыс санаты	Басшы (бас төреші)	Спорт түрлеріне н бас төрешінің орынбасарлары және хатшылары	Бас хатшы	Спорт түрлерінен Бас төрешілер	БТА-ның хатшылары	Техникалық өкілдер

А	4	3	3	3	2	3
Б и В	3	3	2	2	2	2
Г	3	2	1	1	1	2

## АТЫС НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ КӘРТІШКЕСІ

Елді мекен \_\_\_\_\_ тир \_\_\_\_\_ жаттығ\_

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201\_ г.

Қашықтық \_\_\_\_\_ м Ауысым \_\_\_\_\_ Басталуы \_\_\_\_\_ Аяқталуы \_\_\_\_\_

Қал- қан	Тегі, аты	Туған жылы	жасы	Қатысу шының №	Коман- да	Нәтиже	Ұпай	Ескерту
1								
2								
3								

От алаңындағы аға төреші  
\_\_\_\_\_санатты төреі  
\_\_\_\_\_Т.А.Ә.

Қолы

Түзетуші аға төреші  
\_\_\_\_\_санатты  
төреші \_\_\_\_\_Т. А.Ә.

Қолы

Атудан бас хатшының  
орынбасары \_\_\_\_\_сана  
тты төреші

қолы

## КҮШ ГИМНАСТИКАСЫ ЖАРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Елді-мекен \_\_\_\_\_ Зал \_\_\_\_\_ жынысы \_\_\_\_\_

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 200 г.

Жарак \_\_\_\_\_ орын \_\_\_\_\_ жас тобы \_\_\_\_\_

Қал- қан	Тегі, аты	Туған жылы	жасы	Қатысу шының №	Коман- да	Нәтиже	Ұпай	ескерту
1								
2								
3								

Жарактағы аға  
төреші \_\_\_\_\_санатты  
төреші \_\_\_\_\_Т.А.Ә.

Қолы

Есепші-төреші  
\_\_\_\_\_санаттағы  
\_\_\_\_\_Т.А.Ә.

қолы

Хронометрші-төреші  
\_\_\_\_\_санаттағы  
төреші

қолы

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 200 г.

елді мекен \_\_\_\_\_

жынысы \_\_\_\_\_

жас тобы \_\_\_\_\_

Тегі \_\_\_\_\_ Аты \_\_\_\_\_ Әкесінің аты \_\_\_\_\_

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
21	22	23	24	25	26	27	28	29	30
31	32	33	34	35	36	37	38	39	40

41	42	43	44	45	46	47	48	49	50
51	52	53	54	55	56	57	58	59	60
61	62	63	64	65	66	67	68	69	70
71	72	73	74	75	76	77	78	79	80
81	82	83	84	85	86	87	88	89	90
91	92	93	94	95	96	97	98	99	100
101	102	103	104	105	106	107	108	109	110

Есепші-төреші \_\_\_\_\_ Т. А. Ә.  
қолы

Спортшының бір циклді жаттығудағы әрекеті	Бас төрешінің пәрмені, счет есепші-төрешінің есебі және хронометр- төрешінің ақпараты	Шартты белгілер
5-ші дұрыс тартылу	«Бар»	5
14-ші дұрыс, 15-м-де дұрыс емес	«Бар», «Жоқ 14»	14 14
15-ші дұрыс емес	«Бар-15 - Бір минут бар»	15 1
17-ші дұрыс, дұрыс емес алдытру	«жоқ-17 Жоқ, алдырту»	17 17
20-шы дұрыс, 21 де екі кате	«Бар –20 Жоқ-20 Жоқ –20»	20 20
39-шы дұрыс және жаттығуды бітір– 3,54	«Бар – 39 \уақытты бітірдің – 3,54	39 3,54

Нысана көздеуден Президенттік көпсайыс  
Чемпионатының бас төрешісіне  
Команда өкілдерінен \_\_\_\_\_

### БАЯНАТ

Қауіпсіздік шаралары бойынша нұсқаулық өткізу туралы

Мен \_\_\_\_\_ команданың қатысушыларымен қару қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары бойынша, оны сақтау және қорқауды және оқ дәрілерді тасымалдау тәртібі туралы сондай-ақ тирдағы тәртіп ережелері бойынша нұсқаулық жүргіздім.

Нұсқаулықпен танысқан спортшылардың тізімі:

№	Қатысушының Тегі Аты	Жеке қолы
1		
2		
3		

Команда өкілі \_\_\_\_\_ (Тегі)  
Қолы

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж

**АРЫЗ**

Командадан \_\_\_\_\_ қатысушыға \_\_\_\_\_

№	Аты, Тегі	т.ж.	топ	уч. №	Оқты алу	Дәрігер Бұр-сы	Бапкер Тегі
Әйелдер:							
1							
2							
3							
Ерлер:							
1							
2							
3							

Жетекші:

Өкіл:

Дәрігер:

**Техническая заявка****( только в летнем многоборье)****От команды**

№	Аты, Тегі	т.ж.	топ	уч. №	Нәтижелері	
					Жақын қашықтыққа жүгіру	жүзу
Әйелдер						
1						
2						
Ерлер						
1						
2						

Өкіл.